

ПИОНЕР

№ 3 МАРТ 1957 АЛМАТЫ



К. Е. ВОРОШИЛОВ *жолдастың* *Алматыға келуі*


Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **КЛИМЕНТ ЕФРЕМОВИЧ ВОРОШИЛОВ** Қазақ ССР-ына Ленин орденін тапсыру үшін 13—17 январь күндері Алматыда болды.



1-суретте: К. Е. Ворошилов жолдастың Қазақстанға Ленин орденін тапсырып тұрған кезі.

2-3-суреттерде: К. Е. Ворошилов жолдас Алматы ауданындағы Калинин атындағы колхозда болды. Колхоз пионерлері К. Е. Ворошилов жолдасқа пионер галстүгін сыйлады.

Суреттерді түсірген: Будневич пен Степанов.





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 3

МАРТ

1957 Ж.

Шығуына 19 жыл.

Айына бір рет шығады.

Ұстаз-ана

Әңгіме

Мен бүгін күндегі уақытымда тұра алмай жатырмын. Көрпені басыма дейін тұйықтап алып ұйқылы-ояу кісідей сұлықпын...

Достарым, сендер мені бір дертке шалдыққан шығар деп ойламаңдар. Жоқ, мүлде олай емес. Еш дертім жоқ.

Ал, ендеше бұл жатысыңа жол болсын дейсіңдер ғой. Амал бар ма, айтайын. Ол былай болып еді...

Өткен жексенбіде біздің класс колхоз фермасының қой қорасын тазалауға келіскен-ді. Ертеңгі сағат тоғызда оқушылардың бәрі мектеп ауласына жыйналды. Оқытушылар бөлмесінен Кәрима Сұлтановна (ол кісі класс жетекшіміз ғой) шығып, бәрімізбен амандасқан соң бүгінгі жексенбіліктің жоспарын хабарлады.

Сәлім екеумізге сыртқа шығарылған көңді арбаменен шіріткіш қамбаға төгу міндеттелді.

Ойлаймын, бұл міндет бүгінгі жұмыстың ең маңыздысы сыяқты. Маңызды болмай ше? Қораның есік-терезесінен бірдей лақтырылған көң лезде үйіледі де қалады. Оны үлгіріп арбаға салып қамбаға төгіп көр. Бұған қайрат керек, достарым.

Қойшы, сонымен жұмыс қыза түсті... Дегенмен, біраздан кейін қажыйын дедім.

Екі алақаным күлдіреп, қарым да әлсін-әлсін ұйый бастады. Сәлімнің де маңдайынан тер ақты. Ол сонысына қарамастан менің көңмен айғыздалған бетіме қарап күлмесі бар ма?

— Ойбай, ана қараңдар! Қалибектің бе-

тіне Жаңбырбайдың ала өгізі бүркіп жіберіпті.

Қора терезелерінен көң лақтырып жатқан балалар ду күлді.

Мен ағаш күрегім толып тұрған былжырақ көңді оған шашып кеп жібердім.

Міне масқара! Абайламаппын. Қызумен лақтырылған көң бұға қалған Сәлімнің үстінен борай ұшып, бұрыштан шыға келген Кәрима Сұлтановнаның дәл омырауына былш ете түспесі бар ма? Не болғанымды білмей сәл аңтарылып қалыппын. Кенет бір үстем сезім сүйрей жөнелді: сонан соң тартып беріппін ғой үйге. Тіпті артыма қарамай қашыппын... Осы табансыздығым үшін артынан қандай өкіндім десеңші!

Әй, Сәлім-ай, сенің кесірің ғой осының бәрі. Ертеңіне сабаққа бара алмадым. Бетім шыдамады. Үй ішін науқастанып қалдым деп сендірдім.

Содан міне, әлі жатырмын. Бүгін де мектепке беттей алар түрім жоқ. Ойым он саққа жүгіреді. Не істеуім керек? Шынында, мен білмей қалдым ғой. Әлде үйіне барып көшірім сұрасам ба екен?

Жоқ! Мүмкін емес. Қалай бетіне қараймын, ұят!.. «Уһ» деп аунап түссем, қасымда анам тұр екен.

— Құлыным-ау, не болды саған! Асың суып кетті ғой, басыңды көтерші.

Амалсыздан тұрып, тамақ ішуге тура келді. Бұрыңғы жайма-шуақ күн болса, бұл асменен көресісін көрер еді. Өттең олай болмай тұр ғой... Майға бөккен палаудан бір-

екі рет аузыма салдым да, қабағымды тыржыйттым.

Анам көп сөйлей бермейтін кісі ғой. Мұңая түсіп, столды жыйнастыра бастады.

Жеңілдеу киініп кітап оқуға кірістім. Қанша оқығанмен мыйыма ешнәрсе кіретін емес. Ғажап! Иығымда бір қол тұр, селк ете қалдым. Қарсы алдымда... Ия... дәл қасымда Кәрима Сұлтановна тұр... Ауызымды аша алмай аңырып, қыбырсыз қатыппын да қалыппын.

Көзім адырайып ұясынан шығайын деп тұрған болу керек, Кәрима Сұлтановна басын шайқап, жымыя күлімсереді.

Осы кезде ас үйден анам шыға келді. Екеуі шүйіркелесе кетті.

— Білмеймін, әйтеуір, осы балама кешеден бері бір дерт пайда болды. Арты қайырлы болғаш-ақ та...

Кәрима Сұлтановна апамды бірер сөзбен жұбатты да, беторамалымен менің көз жасымды сүрте бастады.

— Жә, кел, тамақ ішелік. Жаман ауруға жақсы ас деген...

— Мен... мен.. — дей беріп ем. Кәрима Сұлтановна:

— Бәрін де білемін... Бірақ, сабаққа келмеуің жарамаған, — деді баяу ғана.

Кәрима Сұлтановна әрқашан да көңілді жүретін. Бүгін бұрыңғысынан да бетер. Өзіл айтып, анамды бір-екі рет күлдіріп те қойды. Мен де ыржыйдым.



— Айналайын, Кәрима қарағым-ау, көптен келмедің ғой.

— Қолым тимеді, апай.

Анам, сөйлей жүріп, столды қайта жасады. Лезде ас та дайын бола қалды.

Кәрима Сұлтановна мені қолтықтап келді де, өзімен қатар отырғызды. Арқамнан қағып, басымнан сыйпады. Қолы дәл анамның қолындай жұп-жұмсақ.

Осы кезде денем тыз етіп, көзімнің алды мұнарта қалды. Көмейіме бір нәрсе тығылғандай. Артынша көзімнен жас ытқый жөнелді. Байқамай да қалдым...

Апам жаныма жетіп келді. Мұғалимаға шағына бастады.

— Жоқ, тамақ алуым бөлек... Палау манағыдай емес, тілімді үйіріп барады. Шай да тәтті боп кетті. Маңдайым жіпсіп жадырап келемін.


Апам аң-таң. Менің анық айыққанымға көзі жеткендей.

— Алда айналайын Кәримаш жаным-ай, сенің келгенің жақсы болды ғой!

Жақсы болғанда қандай. Бәрінен мен рахатқа баттым... Бір ауыз қатты сөз айтпастан асыл ұстазым жұмсақ мінезімен мені анамнан қайта туғандай етті...

Ж. Жанзақов.

Қазалы ауданы,
Октябрь колхозы.



АЛМАС ШОПАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ

Очерк

Москвадағы ауылшаруашылық көрмесінен оралған Оралбай шопан өрістен қайтқан қойды бір аралап шықты. Сорбұлақ қырының қара отты сонысына жайылған қойы өзі жүрердегіден әлдеқайда семірген. Әсіресе, қоңыр күзде кексе саулықтар жондары қалындап, жүні бұйраланып жұмырланып қалыпты.

Малының күйіне көңілі толып, қызықты саяхаттан қайтқан Оралбай Алмастың қасына таман келіп, өзінің сөйлердегі әдетінше, бір жақ танауын көтере бір тартып қалып: — Осы сірә, — деп бастап, — быйыл мына күзектің қара оты малға аса жұғымды болған-ау. Аңада мен жүрерде, құйысқандығы бүлкілдеп жүрген ана кенже егізді көрдің бе, тіпті шұрайланып кетіпті, — деп қойшы баласына сүйсіне қарады.

— Бір быйыл емес, бұл Қарой атырабының қара оты күзгі малдың ыраң оты емес пе. Сіз, міне, табандатқан жыйырма жеті күн жүріп келдіңіз. Бір айда малдың тойынса да, арықтаса да күйі көзге түсердей өзгереді деп өзіңіз айтпаушы ма едіңіз, — деп Алмас өзінің мал жайындағы әкесінен ұғынған түсінігін орнымен айтып қалды. Баласының мал жайындағы мұндай ішкі ұғымын Оралбай түсіне бермейтін. Бірақ жетіжылдықты бітірген жылы өзіне серіктесіп қой жаюға құлшынған Алмасты талапсыз деп те ойламайтын. Ер денелі, еңсегей бойлы Оралбайдың кішірек сары шегір көзі баласының жас өспірім тұлғасына ойлана бір қарады да: «Осы, сірә, мал жайын зейін қоя үйренгісі келетін талабы бар-ау. Мал тілін білетін жақсы шопан болса, кімнен кем қалады?» — деп оң жақ танауын көтере бір тартып, саласы аз сиректеу шокша сақалын, таңқырта қырған мұртын салмақпен сыйпап, ішінен күлімдегендей болған-ды.

Сол Алмас екі жылдан бері өзімен серіктесіп қойшы болып алды. Қазір оның мал жайынан, қоныс жайынан айтқан ешбір кенестері Оралбай қартқа қонымды бола бастаған.

Қаскелең ауданының, оның ішінде, Хрущев атындағы колхоздың малына белгіленген жер, әрі аз, әрі оты қашып ерте шыйыр болып қалған еді. Қыстың ең күшті айлары әлі алда. Осыны ерте ойлаған Оралбай шеткері де болса Бұйрат құмға көшуге бет алды. Оған еріп тағы бірнеше отар көшетін болды.

Алмас, таң сіберлеп келе жатқанда қойын өргізді де, кешегі әкесі көрсеткен Бұйрат құмды жобалап малын қаптатып жөнелді. Мырыш деп еркелетіп айтатын кер-торы атын жүре шалдырып, қойдың алдындағы қыратқа шықты. Өзінен қайда жүрсе айырылмайтын Бөрібасар мен Алыпсоқ та бірге шықты. Молтақ құлақ, бөрі кеуде, екі сұр-ала төбет айналаны шолығандай шоқая-шоқая отырып, әлдеқайда қарайған бүрген бұталарына көз тастайды. Олардың аңдйтыны — қойдың жауы, Сарытау құмның көкше бөрісі. Бұл екеуіне кездескен көк бөрінің тірі кеткені аз болатын. Алмастың ойынша, бұл екеуінен құтылар аң жоқ.

Бұйрат құмға жаңа көшіп келген шопан ауылдарына мейірі түскендей, терістіктен соратын қара ызғырық басылып, құм жоталарының күңгейі ашыла берді. Көптен соны тұрған изен, жусан, көп ойдым-ойдым өсетін бидайық күлтелері сыяқты құмның сүйкімді шөптеріне аузы тиген мал табандап құныға жайылды. Бортылдақ қызыл, күйреуік атанатын құмның ұсақ бұталы шөбі де тіпті қалың шыққан жылы болар ма, мал қорыққа кіргендей болды. Қыйырдан ашығып әкеткен қойлар осындай соны шөпке аузы

тиіп аз күнде-ақ бойдағы ойын салып, саулықтар іші өсіп, балбырап есіле бастады.

Құмның ауа райы бір күннің өзінде сан құбылып, ойнақшып тұрады. Таңертең апашық болып балбырап тұрып, түс ауа будақтай қар жауып, бұрқырай боран соғады. Құмның үйреншікті малшылары «құмның ала құйын күні» дейді. Сондай бір балбырап тұрған таңертеңгілікте Алмас қойын өргізе жөнелгенде, екі төбеті де қоймен бірге өрді. Күндегі әдетінше, иттерін өзіне шақырып еркелетіп, аздап сыбаға да беріп сергітіп қойды. Әкесінің айтуымен, Алмас қойын бүгін жаңа өріске беттетті. Әдетте, Бөрібасар қойдың алдыңғы бетін алыстан орай шалады да, Алыпсоқ қойдың төңірегінде қыратты ала, шоқайып қарауылда болады. Тың өріске бет алғанда екі иттің екеуі де көп ұзамай, қойдың екі жақ қанатында жүреді.

Соны өзекке қойын қаптатып қойып, Алмас қабақшаның беткейіне шығып аттан түсті. Бұл кезде аспан әлемі тұнжырап құмның құбылмалы райы бұзыла бастады. Сонша болмады, жапалақтап қар жауа, солтүстіктен жел көтеріліп, боранға айналды. Қойдың жатқан сайы аз ықтасын болады. Алмас атына мініп, қойының шетке бөліне жайылған бөлектерін иіркелеп, өзектің өр басына таман бөліне, бұта қуа жайылған бір бөлек қойларға бет алғанда, сол бөлек қой тым-тырақай үркіп көп қойға қарай қашты. Тұра шапқан Алмастың алдына түсе Бөрібасар да арсылдап тап берді. Сонша болмады, әлдеқайдан андағайлап шапқан Алыпсоқ қабақтан асыра екі қасқырды тақымдай жөнелді. Алмастың ендігі ойы, қойды бытыратпай жыйнап алу болды. Қойды иіркелеп, аралап көріп еді, бөрінің аузы тиген мал байқалмады. Бөлек қойлар үркіп келген қалың бұтаның айналасын шолып еді, үріккен қойдың ізімен қашқан екі бөрінің, қуған иттің ізінен басқа ешнәрсе байқалмады.

Алмас қойын дөңгелетіп, ықтасыннан ұзатпай екі итін, дауыстап шақырып, атой беріп қабаққа да шықты, екі иті, үштігүйлі жоғалды. Боран барған сайын үдей түсті. Күнде еңкейіп, кешкіріп қалғандай айнала ымырт басқандай түнере түсті. Қойды қораға беттетуге желге қарсы жүре ме, әлде ұйлығып ықтасын өзектен шыға ала ма? Екі итінен түк дыбыс жоқ. Алмас, иттерін шақырып тағы да біраз айқайға салды. Осы кезде оның құлағына айқайлаған дыбыс келді. Ол тағы да дыбыс күтті. Осы кезде аздап боран бәсеңдегендей болды. Әлгі дыбыс таяу

жерден естілді. «Алмас!» — деп ап-анық шықты, әкесінің дауысын таный кетті. «Әке, әке!» — деп дауыстады. Бұл кезде күрең қасқа атпен жортып шыға келген Оралбай шопан:

— Малың аман ба? Иттерін қайда, дыбысы жоқ қой?, — деп Алмастың қасына келе, — малыңды неге қораға қайтармай иіріп тұрсың? — деп баласын тексере бастады.

— Боран басылар деп және қойлар мына соны өзекке жайыла түссін деп бөгеліп едім, — деді. Оралбай келе қойдың алдын қайырып қырға шығарып, ауылға беттетті. Қойдың артқы жағын тықсыра айдап, Алмас итін де айқайлап шақырады. Осы кезде әлдеқайдан арсалаңдап Бөрібасар шыға келді. Қойдың артқы тобын тықсырып Алмас та жетті. Ол Бөрібасарды көріп «Алыпсоқ қайда, мынау қайдан келді» деп абыржый бастады. Бөрібасар Алмастың дауысын естіп, қасына келіп еркеленіп, қайтадан әлгі келген бетіне жүгірді.

— Әке, мына Бөрібасардың қынсылай қайта жүгіріп кеткені тек емес, Алыпсоқты қасқырлар алып кеткен ғой, атыңызды беріңізші, мен барайын. Қой енді өзі де ауылға қайтады. Мына торы атты сіз мініңіз, — деді.

— Шырағым-ау, мына боранда нені біліп ит іздейсің, қойдан айрыламыз, — деген әкесінің сөзін Алмас тындамады. Ол Бөрібасардың ізіне түсе жорта жөнелді.

— Токта, атың шалымсыз, ал, мін мынаны, — деп баласын шақырып күрең қасқа атты берді.

Алмас Бөрібасардың ізінің сорабымен жүгіртіп келеді, бірнеше құм қырқалардан өтті. Бір терең қолтыққа кіре бере, итін шақырып дыбыстады. Бөрібасар алдынан жүгіріп шыға келді. Ол қынсылап қайта жүгі-



ре жөнелді. Алмас та Бөрібасарға ілесе бұтаға кірді. Аты кенеттен оскырып тұра қалды. Алдында сұлап жатқан екі сұр итті енді абайлады. Аттан түсіп тұрып қолындағы сойылшасымен қозғап байқады. Екеуі де жаны бар зат емес. Анадай жерде шоқайып отырған Бөрібасар Алмас ағашпен қозғаған кезде арғы жағындағы сұр итті келіп жұлып-жұлып қалды. Алмас енді байқады, алдында жайрап жатқанның бірі — қасқыр, біреуі — Алыпсоқ. Ол атынан түсе қалып, алдымен Алыпсоқтың қасына келіп қозғап көрді. Алыпсоқтың аузы қасқырдың алқымында қатып қалған.

Алыпсоқ тірі екен, тек қасқырмен алысқан жерде алқымынан алып, қатып қалыпты. Жағы қарысып, жазылмай жатыр. Қасқырдың ішін Бөрібасар жарып жіберіп, жайратып салған екен. Алмас Алыпсоқтың жағын ашып, есін жыйғызып біраз отырды.

Екі итін ертіп, қасқырды бөктеріп Алмас үйге келгенде, қойды қоралатып Орекен де аттан түскен болатын. Қойдың күйегі таянған кезде, Оралбай шопан Қаройдағы қораны жөндеуге аттанды.

— Әке, сіз төл алуға кісі сұрамай-ақ қойыңыз. Тек төл үй мен қораны, жаңа қоздаған саулықтарға жібі мен жемін дайындағып, соны қамдаңыз,— деді.

— Төлді адастырмай аяқтандыруға жеке шамамыз келе ме? — деп Оралбай Нұржамалға қарады.

— Әке, оған қорғанбай-ақ қойыңыз шама келеді. Төлге апам екеумізді жіберіңіз, өзіңіз қойдың бағуын алыңыз. Құр даң-дұң ғып кісі жыйнап қайтеміз,— деген Алмастың сөзін Нұржамал қостап:

— Алмасжан айтты ғой, өзіміз-ақ аяқтандырамыз,— деді.

Оралбай суырт жүріп, Қаройдағы қой қораға келгенде, Сарытау құмдағы шопандар

да қора-қонысына кіріскен еді. Аман-сау біріне-бірі қосылған колхоз шопандарының ауылы төл алу науқанына қарық болды.

Республикамыздың астанасы Алматы қаласында шақырылған социалистік мал өсірушілер мәжілісіне құрметпен шақырылған Оралбай шопан топ жарып жүлде алды.

Оған Қазақстан өкіметі «Социалистік мал шаруашылығының шебері» деген құрметті ат берді. Оған қоса, масаты кілем бастатқан тоғыз түрлі сыйлық та құшақтатты.

Ұзақ еңбегінің татымды табысын көріп, ардақты атақ алып қайтқан Оралбай Сорбұлақтағы ауылына келгенде, Нұржамал жеңгей қарт жолдасының алдынан шығып:

— Қайрат қайтты, қартайдық. Қой артындағы қойшымыз, отбасындағы ойшымыз,— деп отырушы едің, атағың мен олжаң жастардан да асып түсті ғой,— деп әзіл айтты.

— Мына кілемді Алмастың тұсына құр, еңбек соныкі ғой,— деп Оралбай сыйлықтың ең

үлкенін өзіне жақсы серік болған жеткіншек жас қойшы Алмасына арнады.

* * *

Москвадағы ауылшаруашылық көрмесінен қайтып келген соң Оралбай қарт Ойқұдық, Сорбұлақ сағасында біраз отырып, тағы Бұйрат құмға бет алды. Алмас бұрынғыдан да шеберленіп мал өрісіне, қой қонысына жетіле түскендігін істеп, Орекеннің мойнын босатып, көші-қонды да өзі басқара бастаған. Өткен қыстағы дайындаған отын, ауыз су бастауы—бәрі тап-таза күйінде, қоныс иелерін қарсы алды. Быйыл өткен жылдағыдан екі есе көбейген қой отарлары қанаттаса, Бұйрат құм өзектерін қойға толтырды. Оралбай шебердің үй ішінің табысын алдымыздағы көктемде асыға күтеміз.

Алматы облысы.

С. Бегалин,

АҒА

[Сәрсенбекке]

Тай-құлындай бірге өскен екеу едік,
Татулықпен ілгері кете бердік.

Ақ мамасын аймалап жан ананың,
Алдында оның армансыз еркеледік.

Бір тарқатып базарын бапалықтың,
Қамқорлығын көрсеттің ағалықтың.
Кешіруші-ең, көңілімді өсіруші-ең,
Шаңына аунап жүрсем де шалалықтың.

Ертіп мені апардың мектепке алғаш,
Болдың маған әрі аға, әрі жолдас.
Ой-зердеге нұр құйған, білім құйған,
Күлімдеген күндер көп естен қалмас...

Уа, дариға, менің бар не арманым,
Артымда інім, алдымда ағаларым.
Тұрса соғып жүрегім бұл кеудеге,
Мейірімін солардың бағалармын.

Ө. ЖАЙЛАУОВ,

Жамбыл облысы.



Өзім туралы повесть

Повесть

Б. Соқпақпаев.

VIII

Мамамның мектептен кешігіп шығуына қарап, мұғалімдерден бәрін естіп білген болар деп ойладым. Енді қайтсем екен?

Мамам мойнынан су кетіп, үйге атын жаяу жетелеп келді. Шөптің арасын кеуектеп алып, мен бақылап, көріп жатырмын.

Мамама қалай көрінерімді білмей ұзақ жаттым әлгі орында. Ақыры, міне, күн баты. Өрістен кешкі мал қайтты. Әжем алжапқышын киіп, қолына шелегін алып, сыйыр саууға шықты.

«Не де болса осы кезде барғаным қолайлы шығар» — деген ой келді маған. Қазір үй іші алакөлеңке. Ұялып, қызарған жүзіме бұл ептеп шымылдық болатын секілді.

Бұл жолы қораның артынан секіріп түстім де, ештеңе білмегенсіп, үйге қарай жүрдім. Қақпа алдында әжем қарсы жолықты.

— Мына ат кімдікі, әже? — деп сұрадым торы атты нұсқап.

— Бағана мамаң келген, — деді әжем. — Сен қайда қаңғып жүрсің күні бойы? Бар, шешең күтіп отыр. Ей, тоқта бері! Шешең саған азуын қайрап, ашуланып отыр. Байқа!

Мамамның бөлмесіне тайғанақ мұз үстімен жүріп келе жатқандай кібіртіктей ба-

сып, үнсіз-түнсіз кірдім. Тым-тырыс. Босаға түбінде тұрып, үй ішіне үркедей көз тастадым. Ешкім көрінбейді. «Ол әлде бір жаққа шығып кетті ме?» деген ой келе беріп еді басыма. Сол кезде тергі жақтан терең демалып, күрсінген дыбыс естілді. Елең етіп қарасам, мамам төсек үстінде киімшең күйі, екі алақанымен бетін басып, қыйсайып жатыр екен.

— Саламатсыз ба, мама! — деп, қасына келдім.

Мамам үн қатпады.

Жақындай түстім.

— Мама, не, сен жылап жатырмысың?

Мамам басын жайлап көтерді де, бетін маған бұрып, түзеліп отырды.

— Иә, жылап жатырмын, — деді ол ауыр күрсініп, — қайтейін жыламай, құдай бағын аспаған мен сорға жылаудан өзге не бұйырған? Қу жалғыз, сенің-ақ қасіретіңді тартып өлетін болдым ғой, құдайдан бала бер деп тілегендегі әперген ұшпағың, көрсеткен қызығың осы ма? Осы сен не боп барасың күннен күнге? Мектепті былтыр жыл бойы шулатып шыққаның аз ба еді? Сен үшін аспаған есігім қалмап еді ғой. Быйылғы істеп отырғаның мынау енді. Бұл не сұмдық! Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барасың ғой өскен сайын. Ұялмайсың да бір мезгіл елден-жұрттан. Қу жалғыз-ау, айтшы, не болды саған мұнша бұзылып? Өлтірдің ғой

(Жалғасы. Басы журналдың өткен жылғы 11, 12 және 1957 жылғы 1,2 сандарында).

мына сорлы анаңды. Ел бетіне қарағысыз қылдың ғой! Қайтем сені, қайтем! Неге тыныш жүрмейсің? Осы саған не жетпейді? Осы үйде сенің қажетіңнің бәрі бар емес пе?

Мұндай ашулы, зілді сөздерді мен мамнан бұдан бұрын естімеп едім. Төбемнің құйқасы шымырлап, арқамды аяз қарып кетті. Бұдан әрі тыңдап тұра алмадым.

— Қойшы, маматай. Жаным мама! — деп құшақ жая ұмтылдым.

Мамам менің жалбарына созған қолымды қағып жіберді.

— Жолама! Ендігәрі мама деуші болма мені! Құдайдың сендей бала беріп азапқа салып қойғанынан да, құбас тастағаны артық еді ғой. Есейген сайын ақылы толып, адам болар, түзелер десем, күннен-күнге нағыз баукеспенің өзі болып барасың. Қайтем сені, қу жалғыз-ау, қайтем. Мысым құрып өлетін болдым ғой.

— Қойшы, маматай!

— Қалай қоям! Мені осы құсаға ұрындырып отырған сенің өзің емеспісің? Үһ, өлдім-ау михнатыңды тартып! Жүйкем жүн болып құрыдым-ау...

Бұдан әрмен сөйлеуге мұршасы келмей мамам уысындағы жұмарлай ұстаған ақ ормалымен көзін басып, жастыққа бетін берген күйі булығып құлап кетті. Сол кезде оны мен де құшақтай алдым.

— Қойшы, мама! Кешірші, маматай! Жаным мамашым, кешірші. Бұдан былай тентектік істесем оңбай, көгермей кетейін!..

Байғұс мамамды аяп кеткенім соншалық, осы арада онымен қосыла жыладым.

Бірғауымнан кейін мамам сұлық басын қайта жайлап көтерді де:

— Әкеңнен қалған мына мүлікке енді өзің ие бол. Жас өмірімді қор етіп, текке өткізгенім де жетеді. Табылған біреудің етегінен ұстап кетем енді. Бұдан былай сенің күйіңді тартып жүре алмаймын, — деді.

Бұл сөз соншалық айнымастай кесімді үнмен айтылды.

Осыдан жарты сағаттай уақыт өткен соң мамам екеуміз мектепке педсоветке келдік. Ахмет есік алдында шылым тартып тұр екен.

— Сізді күтіп отырмыз, — деп, ол мамамды қолтықтап, кеңсесіне алып кетті. Маған: — қажет болғанда өзіміз шақырамыз. Есік алдында жүре тұр, — деді.

* * *

Сыртта біраз сенделіп жүрдім де, мектепке кірдім. Дәлізде шам болмағандықтан қараңғы еді. Аяғымды ұшынан басып кеп,

директор кабинетінің есігіндегі ар жағынан шам сәулесі жылтырап көрінген кілт ұясына құлағымды тостым. Мамам сөйлеп тұр екен. Үнінде іштей толқудың әсерінен болған жалынышты қалтырау бар.

— ...Бәрін мойындаймын. Баламның бұлай болып өскеніне ең әуелі өзім кінәлі екенім рас. Бірақ, айналайындар, менің осы кездегі жағдайымды да еске алсаңыздар екен. Жазы-қысы мал соңында жүрген адаммын. Айында, жылында бір келіп кеткенім болмаса, оны көрмеймін де. Ал, осындай шу шыға қалғанда, баурап, соғып-ақ алайын деймін. Бірақ, шынымды айтсам, қолым батпайды. Басқа айтарым жоқ, айналайындар. Әлде де болса, сіздер боп, біз боп, тәрбиелеп көрейік.

«Ех, байғұс анам! Осы қатерден аман қалсам, білермін-ау қадіріңді!»

Сол кезде директордың әлдекімге:

— Қадыровты шақыр! — деген даусы шалынды құлағым. Лып беріп шегініп кеттім де, терезеден сыртқа қарап, түк білмегенсіп тұра қалдым.

География пәнін оқытатын жас мұғалім Оспанов шықты.

— Қадыров! Қайдасың? Кір бері.

Бұл кабинет Қожакеңнің бұдан бұрын да талай шақырылып, ендігәрі қой аузынан шөп алмай жүруге талай уәде берген үйреншікті орны ғой. Пәлендей қысылып-қымтырылмай-ақ, жайбарақат еркін басып кірдім де, қолымды артыма ұстап, босағадағы суық голланд пешіне сүйеніп тұрып қалдым.



— Берірек кел, — деді төрде отырған Ахмет қолындағы автоқаламымен бөлменің ортасын нұсқап.

Мен тапжылмадым орнымнан.

«Кесапатын қарай гөр мынаның! Директордың сөзін құлағына да ілмейді» деген көзқараспен кабинетте отырған он шақты адам түгел маған бұрылып қарады.

— Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырғанымызды білесің бе? — деді Ахмет.

— Білемін, — дедім мен, шұлғып.

— Не үшін шақырып отырмыз?

— Тәртіпсіздігім үшін шақырып отырсыздар.

Мұғалімдер ду күлді. Жүзін қанша салқын ұстаймын дегенмен Ахметтің өзі де күле жаздап барып, онысын маған сездірмеймін дегендей үлкен қоңқақ мұрнын уқалай бастады.

— Сен осы тәртіпсіздігіңді қашан қоясың? — деп сұрады қарсы алдымда отырған Оспанов.

Мен оған көзімнің қыйығын тастадым да, директорға қарап жауап бердім.

— Ендігері тәртіпсіздік істемеуге ант етемін!

— Сен бұдан бұрын да сан рет осындай уәде бермеп пе едің?

— Бұл жолы шын айтып тұрмын, — дедім мен.

Мұғалімдер тағы да ду күлді.

— Сен бұдан бұрын бізбен қалжыңдасып келген екенсің ғой!

— Бұрынғыларың қалжың ба еді? — деді қатарынан бірнеше дауыс.

— Жоқ, қалжың емес... — дедім мен сөзден ұсталып, — бұрын да уәдемді шын беретінмін... Бірақ, тыныш жүрейін деп қанша тырыссам да... Ал, бұдан былай қарай көрерсіздер, ешқандай да тәртіпсіздік істемеймін!


Мұғалімдердің талқысына жарты сағаттан артық түскенде менің әлсін-әлсін қысқа қайырып айтарым:

— Соңғы рет кешіріңіздер, бұдан былай ешқандай тәртіпсіздік істемеймін, — ғана болды.

* * *

Мені шығарып жіберіп, мұғалімдер тағы да жарты сағаттай кеңесті. Сонда олар мынадай тоқтамға келіпті:

«Егер бесінші класс оқушылары Қадыров Қожаның бұдан былай ешқандай тәртіпсіздік істемеймін, түзелемін» дегеніне сеніп, оны дирекция алдында кепілдікке алатын



болса, онда Қадыров осы мектепте қалдырылсын. Ал, егер олар кепілдікке алмаса, Қадыров Қожа осы аудандағы өзге жетіжылдық мектептің біріне ауыстырылсын!»

Сөйтіп, достарым, көріп отырсыңдар, енді менің тағдірімді мұғалімдер коллективі немесе директор емес, өзіммен бірге оқытын жолдастарым шешетін болды.

IX

Мамам екеуміз үйге қайтып келе жатырмыз. Ол кісі алдымда да, мен ізін басып, тұнжырап, соңында келе жатырмын. Екеумізде де үн жоқ.

Әжем ауыз үйде күбі пісіп тұр екен. Біздің сұрғылт кейпімізден көңілсіз қайтқанымызды аңғарып, баяу да жұмсақ үнмен:

— Жыйылыстарың бітті ме? — деп сұрады. Мамам басын изеп жауап берді де, төр бөлмеге еніп кетті. Әжем мені жеңімнен тартып, өзіне қаратып алды.

— Не болды?

Қолымды бір сілтедім де, тысқа шығып кеттім.

Ертесінде, яғни октябрьдің үші күні, сабақ соңынан біздің бесінші класс оқушыларының жалпы жыйналысы болды. Директор өзі қатысты. Күн тәртібі мен туралы мәселе.

Бірінші болып Ахмет оқушыларды педсоветтің қаулысымен таныстырды. Сонан соң мені кластың алдына шығарды да, маған:

— Кәне, не айтасың мына жолдастарыңа? — деді.

Не айтушы едім? Кеше педсоветте айтқанымды мұнда да қайталадым.

— Түзелемін, ендігәрі тәртіпсіздік істемеймін, — дедім.

— Ендігі сөз сендердікі, — деді Ахмет оқушыларға, желбіреген қою қара шашын, әдетінше басын сілки кейін сырып тастап, — не дейсіңдер? Қожаның жолдастары, оның мына беріп тұрған уәдесіне сенесіңдер ме, жоқ па? Егер ол түзеледі, бұдан былай үлгілі, тәртіпті оқушының бірі болады деп сенетін болсаңдар және оны кепілдікке алатын болсаңдар, оны әзірше қалдырады. Ол осы мектепте болады. Қожаның бұл секілді жалған уәдесі бізді тойғызып біткен, ол түзелмейді. Біздің тату-тәтті коллективіміздің арасында енді оған орын жоқ десеңдер, дирекция қазірден бастап оны бұл мектептен шығарады. Білім алғысы келсе, түзеліп басқа мектепке барып оқыйды.

Ахмет осыны айтты да:

— Темір, класс қожасы сенсің ғой, басқар мына жыйналысыңды, — деп, жыйналыс тізгінін Темірге тапсырды да, енді не істесеңдер де өздерің біліңдер дегендей, ең артқы партаға барып отырып алды.

— Кәне, кім сөйлейді? — деді Темір жыйналысты дұрыс басқарып тұрмын ба, жоқ әлде бұрыс басқарып тұрмын ба дегендей Ахметке жәутеңдей қарап.

Ешкім қол көтермеді. Тым-тырыс.

Мен болсам тағдырым қалай шешілер екен деп, үрейленіп-ақ тұрмын. Бірақ онымды балаларға аңғартқым келмей, неғұрлым қаперсіз адамның пішінін танытуға тырысып бағамын. Сонымен қабат осы талқыны өзіме үлкен бір сын белесіндей санап, содан мойымай өтуге іштей бекіне түсем. Ал, егер кімде-кім мені жамандап сөйлей қалса, соңынан оңаша жолыққанда онымен есеп айырыса жататынымды да сездіріп, Жантас секілді «дұспандарыма» сұқты көзбен қатулана қарап қоям.

Ахметтің байқағыш қырағы көзі менің бұл қарау ойымды танып қойды білем.

— Қожа, кел бері. Енді екеуміз осы жыйналыстағы қалыс адамдармыз ғой, қатар отырайық — деп, мені қасына шақырып алды.

— Кәне, уақытты текке өткізбей сөйлеңдер.

Көз алдарынан менің кетуім мұң екен, әр жерден бірнеше қол бірден шошайып көтеріле бастады.

Ал, қара Қожа бітті саудаң! Түстің көкпарға! Қалай пәре-пәрең шығар екен қара да тұр!

Айналайын жолдастардан, қанша араз болса да жарға жықпады. Түзелер деген үмітпен тағы бір қатерден сүйеп алып қалды.

«Япыр-ау, осы мен неге түзеле алмаймын, — деп ойлады үйге қайтып келе жатып, — Енді түзелейінші қайтсем де! Ана Темірге ұқсап қой аузынан шөп алмай өз жөніме тып-тыныш жүрейінші! Бұлар сонда қайтер екен?»

Осы соңғы екі-үш күнгі оқыйғалар мені қатты күйзеліске салған еді. Мен өзімнің басқалардан ала бөтен лағып, төмпек-шұқанағы, ор-оқабы көп жат жолға түсіп бара жатқанымды осы тұста айқын аңғардым.

Бірақ, достарым, айтқанға бәрі де оңай ғой. Буынсыз қызыл тілдің қолынан келмейтін іс бар ма? «Бұдан былай тәртіпсіздік істеуші болма! Тыныш жүр» — дейді мұғалім бұйырып, сен дәл бір бұрын ешкімнен мұндай ақыл естімегендіктен тәртіпсіздік істеп келгендей-ақ. «Мақұл, тыныш жүрейін» — деп уәде бере салу саған да онша қыйынға түспейді.

Сені бейне бір қыйсық жатқан жіпке ұсатып «Ендігәрі түзелетін бол» — дейді мұғалім. «Мақұл түзелейін» — дегенге де ештеңең құрамайды. Осымен екі жақ та, әзірше, бітісіп жатыр.

Мен бұл секілді уәдемді бұдан бұрын да талай бергенім рас. Бірақ сонда мен оны мұғалімдерді немесе жолдастарымды уақытша болса да алдай салу үшін айтушы ма едім? Жоқ, өйтпейтінмін. Шын көңілмен-ақ уәде беретінмін. Жек көрінішті боп, талқыға түсе бергеннен де, түзеліп, тыныш жүрудің көп артық екенін бұдан бұрын да жақсы білетінмін.

Бірақ гәп мынада, достарым, қанша тыныш жүрейін десем де, неге екенін, тыныш жүре алмай қалам. Тіпті өзге түгіл өзім де ойламаған жерден, әйтеуір мен тәртіп бұзған болып шыға келем. Сол — сол-ақ екен, Жантас секілді барабаншылар «Тағы да қара Қожа сөйтіп қойды, тағы да қара Қожа бүйтіп қойды» — деп, шу көтеріп жөнеледі.

Ал, кейде, былайша айтқанда, етқызулықпен істеп жіберетін тәртіпсіздіктерің болады. Оны мойындамаймын. Немесе кейде сол шатақтың ортасына қалай түсіп қалғаныңды өзің де білмейсің. Соңынан осыған бекер араласқан екемін деп, өкініп жүргенің.

Мынадай да жағдай болады: кейде, айта-



Мен мұны, достарым, менің тәртіпсіз болуыма кінәлі басқалар екенін дәлелдеп, өзімді арашалап алу үшін айтып отырғаным жоқ. Не себеппен істесең, со себеппен істе, әйтеуір тәртіпсіздіктің аты тәртіпсіздік қой. Ол үшін қашан да жазаланбай тұра алмайсың.

* * *

Мамам мені есік алдында тосып отыр екен. «Ал, тағдірің қалай шешілді, балам?» — деген сұрақты мен оның қарасынан айтқызбай-ақ ұқтым да:

— Шығарған жоқ мектептен, — дедім.

Ол маған үндеместен назар тіге қарап қалды. Сол мезетте мен мамамның жүзінен бұрынды-соңды байқалмаған терең бір күйзеліс сырын ұққандай болдым. Әлі реңі тая қоймаған күнге күйіп, желге қақталып қызыл-күреңделген ақылды жүзінен қатты кейістік таңбасындай осылған көп-көп әжім сызықтары тартыла қалыпты. Ол да маған бұрын дәл мұнша мол боп көрінбейтін секілді еді.

Осылайша бірғауым үнсіз қарап тұрғаннан кейін, шаршаған үнмен:

— Ал, енді не істемексің? — деп сұрады ол.

Мамамның ішкі жан дүниесі маған әйнектен қарағандай айқын сайрап тұр еді.

— Түзелемін, маматай, — дедім мен, — көріп тұрыңыз, осы жолы қалай еткенде де түзелемін! Тек сіз... Сіз... Тимеңізші күйеуге... Тимеңізші...

Бұл сөзді айтқанда менің іші-бауырым елжіреп, көзімнен бұрқ етіп жасым шығып кетті. Бетім өрттей дуылдап төмен қарадым.

Мамам орнынан түрегелді де, мені құшағына алып, маңдайымнан емірене сүйді.

(Соңы.)

лық, сабақта отырып шаршайсың, зерігесің. Өзге оқушылар да бірі есінеп, бірі мажаурап, берекесі қаша бастайды. Сол кезде бүкіл класты сергітерлік бір қызық жай сап етіп ойыңа келе кетеді. Сен соны күлкі болсын деп істеп жібересің. Бұның ақыры тәртіпсіздік атанып, тағы да насырға шабады.

Мәселен, мен бақаны Сәбира апайдың редикуліне ол шошып жығылып қалсын деп әдейі қастандықпен салдым ба? Оллахи, өйткем жоқпын. Ол кісі мұрнын сүртінуге орамалын алғанда, шоршаң етіп, бақа шыға келсін. Сөйтіп, бұған мұғалім боп, біз боп, бір ду күліп, жетісіп қалайық деп ойладым мен.

Мінекей, мен неге тәртіпсізбін дегенде, осындай толып жатқан себеп-салдарлар ойға келеді.

Бұл повестің журналға шақталып, қысқартылып басылған түрі.

КҮН МЕН БҰЛТ ЖӘНЕ ДАУЫЛ

Шұғыласын, алтын күннің сұлулығын,
Әлемнен қызғанғандай жылы нұрын.

Түксиген қабақ түйе сұп-сұр бұлыт,
Аспан, жер арасында тұрды тұнып.

Жамбыл облысы.

Бір кезде соқты дауыл егескендей,
Бұлтта қауқар қайда белдескендей.

Жеңкілді быт-шыт болып жолда тұрмай,
Жеңілген басқыншының солдатындай.

Ш. Смаханов.

ЖАС АҚЫНДАРДЫҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ

САЯХАТТА

Саяхат. Желсіз күн тынық,
Келеміз жүріп әлі біз,
Тасбақа қайда, ұмтылдық,
Қаумалап алдық бәріміз.
Сұрайды Марат қызығып:
— Құлағы мұның ести ме?
Зымырап кетсе жүгіріп,
Ұқсар еді-ау таксиге.



ҚУЫРШАҚ

Қуыршақ, қуыршақ, қуыршақ,
Қоңырау дауысты құлыншақ.
Қарашы жүгенін, тізгінін,
Өзінің бойына бәрі шақ.
Сүйріктей сүйкімді құлағы,
Тырнақтай кішкене тұяғы.
Үстінде ер-тоқым, қос тартпа,
Жас Марат көз алмай тұр әлі.
Балбөбек мәз болып қуандың,
Қызығып ұстайсың құлағын.
Сен үшін жасалған дүние.
Ойнай ғой қанғанша құмарың,



ӨКІНІШ

Қамбаға жыйналған тұқымды,
Кірпілер қоймады күнде ұрлап.
Аңдыдым. Естілді тысыры,
Әттеген! Қараңғы түн бірақ...
Жақындап келіпті жаныма,
Қалайша тұрайын аяп мен.
Дедім де: «түстің бе қолыма!»
Өлгенше сабадым таяқпен.
Пердесі түрілді шығыстың,
Барсам мен кірпі жоқ түндегі.
Быт-шытын шығарып үзіппін.
Домалақ жүн жіпті үйдегі.



ЕЛЕМЕС

Елемей жидені, жыңғылды,
Барынша зымырап жүгірді.
Аяққа шалынып бір бұтақ,
Тұмсықпен жер сүзе жығылды.
Бұрылып қарайды Елемес,
Төбелес шығарар жер емес,
Бұтақтар бастарын шайқайды,
Дегендей «мен емес, мен емес».

Қ. Дәрібаев,

БІЗДІҢ МӘКЕН

Тұлым шашы желбіреп,
Жетіге толған Мәкенді.
— Оқыйтын кезің келді,— деп,
Мектепке ана әкелді.

Кірді де Мәкен класқа
Тұңғыш рет қысылды.
Оқушы болды. Рас па!
Ұстазы «Әліппе» ұсынды.

Ұстазы және көрсетті,
Отыратын партаны.
— Атың кім? — деп сұрады,
Мейіріммен ол тағы.

Жауап берді байыппен,
Жыламады, күлмеді,
Өзінің шәкірт болғанын,
Сол сәтте, бірақ, білмеді.
Т. Молдағалиев.





Құрманғазы Сағырбаев.

Халқымыздың ұлы композиторы Құрманғазы Сағырбаев 1806 жылы осы күнгі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданында, Жиделі деген жерде туған. Әкесі Сағырбай кедей шаруа болған. Құрманғазының балалық шағы кісі есігінде, жалшылықта өткен. Жас кезінен-ақ ән мен күйге, ел аузындағы аңыз әңгімеге, ертегілер мен халық дастандарына құмартты. Оны көп тындап, көп жаттаған Құрманғазы солардың мәніне де тереңдей түседі. Өйткені, әрбір ән мен әрбір күйде, аңыз әңгімеде, халық дастанында ел сыры, ел қайғысы, қуанышы мен күлкісі, ерлігі мен еңбегі, арман-ойы, тілек-талабы, қыял-үмітінің өзекті желісі жатады. Құрманғазы елдің өнерін бойына жыйып өскен осындай ел адамы, халық таланты болып өсті.

Ол мал өрісінде, Нарынның кең даласында жалғыз жүріп, домбырамен дара тартқан ән мен күйінде ең алдымен ел мұңын шертті. Бала қойшының домбырасынан шыққан жақсы лебіз, әсем күйді ауыл-аймақ

сүйіп тыңдайтын болды. Осылайша өнері елге жайылды. Құрманғазы өз күшіне өзі сеніп, өнері ел бағасын алуға жараған кезде қойды тастап ел кезіп, өнерін көрсете бастайды.

Құрманғазы келе-келе жүрген жерін той-думанға, ойын-күлкіге, қызық-тамашаға бөлейтін сері атанды. Ел оны сері дегенмен, ол серілік еткен жоқ. Өнерім елдің кәдесіне жарап, көңілін көтерер, мауқын басар болса, менің одан өзге тілегім жоқ деп кең даланы кезе жүріп, өнерін жайды.

Құрманғазыны тірі кезінде көріп, оған кезінде шәкірт болғандардың бірі — Қазақстанның халық композиторы Дина Нұрпейсова еді. Біз көп деректерді сол кісінің айтуы бойынша білеміз. Сондай-ақ, оның барлық музыкалық мұрасы да Дина Нұрпейсова, Қали Жантілеуов, Лұқпан Мұхитов сыяқты домбырашылар арқылы бізге жетті. Ұлы күйшінің «Көбік шашқан», «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Адай», «Серпер», «Кішкентай», «Қайран шешем», «Төремұрат», «Ақбай», «Балбырауын», «Сарыарқа», «Алатау», «Ақсақ киік» күйлерін халқымыз сүйіп тыңдайтын болды. Бұл күйлердің біразын мектеп оқушылары да, олардағы домбыра үйірмелеріндегі жас таланттар да тарта біледі.

Құрманғазы өжет мінезді, ер жүрек, батыл адам болған. Оның күйлерінен өзінің осы мінезі анық көрінеді. Оның күйлерінің екпіні қатты, арынды да, көңілді де, серпіні күшті жігерлі де болып келеді. Құрманғазы күйлерінде мұнаю аз, жігер көп, жылауық емес, қайратты сарын басым болып отырады.

— Құрманғазыны тек қана асқан күйші еді деп айтып қою тіпті жеткіліксіз! — деуші еді Дина Нұрпейсова. — Өйткені, ол әнді де әсем салатын. Оның өзі шығарып айтқан әндері де бар.

Динаның осы сөзін растай түсетін ел аузында Құрманғазы әндері деген ән өлеңдер бар. Мәселен, оның «Аш бөрі» деген әнін алып көрейік:

— Аш бөрі етін қалар сойған жерде!
Ит болып үре алмаспын тойған жерде,
Ел кезіп оркиіктей жүрсемдағы
Бір күні оралармын туған елге.
Ат жетер көңіл жетсе, бір ауылға,
Сыйласар жігіт қайда бұл қауымда.

деп бір сәт мұңая, ойлана түскендей болады да, артынша:

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ КОМПОЗИТОРЫ

— Қайтпаған қалың жаудан Құрманғазы,
Ұлықтың көне ме екен дырауына!

— деп қайта көтеріліп, өжеттене, қайсарлана,
бойына күш-қуат жыйнай түсіп айбаттанады.

Құрманғазының осы әні мынадай жалынды сөздермен аяқталады:

Жан шошыр бастан өтті талай майдан,
Шыққан жоқ атқан киік терең сайдан...

Асқан талант иесі Құрманғазы кезінде патша ұлықтарының, би мен байлардың талай-талай жан шошыр қуғындарын көрді. Ол түрмеге де түсті, одан қашып та шықты. Құрманғазы «ұры» деген жаладан құтыла алмай, көп уақыттар бойы қашып жүрді.

Құрманғазы өмірін зерттеп жүрген, оның өмірі туралы аса бай материал жыйнаған адам — профессор Ахмет Жұбанов.

Жұбанов қазір Құрманғазы жөнінде үлкен еңбек жазып бітірді. Бұл еңбек Құрманғазы өмірінің ең бір қызықты, сүбелі шағын көрсетеді.

Қазақтың ән-күйлерін жыйнаушы А. Затаевич Құрманғазы күйлерін музыкалық-көркемдік жағынан аса жоғары бағалады. Ал, Құрманғазының өзімен кездесіп, көп сөйлескен, күйлерін қызыға тыңдаған орыс журналисі Н. Савичев былай деп жазады:


«Мен оның домбырашылығын еркіндіктегі бозторғай мен бұлбұлдың әні деп атар едім, бірақ осы теңеудің өзі ол үшін өте әлсіз сыяқты... Бір сөзбен айтқанда, Сағырбаев тек қана музыка үшін жаратылған, сирек кездесетін жан. Егер европалық білім алған болса, онда ол музыка дүниесінің шолпаны болған болар еді».

Біздің бұл келтіріп отырғанымыз Н. Савичев жазған мақаланың кішкене үзіндісі ғана, шындығында, Савичевтің мақаласы біздер үшін аса құнды, бағалы деректің бірі болып отыр.

Құрманғазы — осындай үлкен таланты бар, тамаша күйші болған адам.

Өткен жылы Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКП Орталық Комитетінің ұйғаруымен Алматы қаласының ең әдемі, сұлу көшесінің бірі Артиллерия көшесі — Құрманғазы көшесі деп, Алматы консерваториясы — Құрманғазы атындағы қазақ консерваториясы деп аталды. Алматы қаласында Құрманғазыға ескерткіш орнатылмақ және Гурьевтегі бір мектеп Құрманғазының есімімен аталды.

С. Бақбергенев.



Құрманғазы атындағы қазақтың ұлт аспаптар оркестрі.

СЫНЫҚ ШАҢҒЫ

Әңгіме

Бірінші сабақтан кейінгі үзілісте қалам-ұшымды жерге түсіріп ап, майысып қалған жерін түзетіп әуреленіп тұрған болатынмын. Өзімізбен алтыншы класта оқыйтын, менен кейінгі партада отыратын Қали деген қара бала біреу қуғандай класқа жүгіріп кірді. Іс-міс жоқ келіп менің иығымнан жұлқып:

— Әй, сені Әкімбек ағай шақырып жатыр, — деді даурығып.

— Сонша неге екіленесің, — деуім ғана мұң екен, одан арғы сөзіме қарамай.

— Тез... Тез... Спорт бөлмесіне, — деп келгендегісіндей жүгіре шығып бара жатып есікті жаба беріп тағы бір рет, — тез! — деді де жоқ болды. «Неге шақыртты екен?» деп спорт жабдықтарына арналған түкпір бөлмеге келіп кірсем, физкультура пәнінің мұғалімі Әкімбек ағай стол басында отыр екен.

— Сәлеметсіз бе? — деп ем маған Әкімбек ағай:

— Тұра тұр, қазір, — деп қарындашпен тор көзді қалың дәптерге бір сандарды жазды. Содан кейін жіңішке қастарын кере қарап:

— Төлеш, ұқыпты оқушы қандай болады? — деді тұтқыйылдан.

— Ұқыпты бала ма?.. Ұқыпты бала... ол... таптұйнақтай болады, — дедім соңғы екі сөзді тақ еткізіп.

Әкімбек ағай бөлменің шығыс жақ қабырғасына қатарластырып қойылған көп шаңғының арасындағы бір бос орынды қолымен нұсқады.

— Ендеше, мына сенің шаңғың тұратын орын неге бос тұр?

— Білмеймін, — дедім таңдана бас шайқап. Кеше кешке сырғанақ тепкеннен кейін әкеп қойғанмын.

— Онда қайда кетті екен?.. Мен орнында тұрған шаңғы көре алмадым. Мүмкін... Сен ұмытып үйде қалдырып қойған боларсың?

— Жоқ, мұғалім, әкелгем. Қойғам орнына.

Ештеңеге түсіне алмай аң-таң болдым. Бетіме дөңгелек қоңыр көздерін қадай қарап аз тұрды да, Әкімбек ағай тағы да:

— Тамаша екен, — деді ойланып. «Сындырып тастап айтуға батпай тұр дей ме екен» — деген ой бетімді біреу күректтей алақанымен осып жібергендей ду еткізді.



Мұғалімнің әрбір салмақты сөзі жүрегіме ыстық қорғасындай басылды. Құлағым шыңылдап кетті.

Сол екі ортада қоңырау соғылды да, Әкімбек ағай:

— Бар, сабағыңа бар. Кейін көрерміз, — деді.

Мен шыға жөнелдім.

Кейінгі сабақтардың қалай өтіп, қалай қойғанын да білгем жоқ. Ойым бөліне берді. Үлкен үзілісте залда өлең айтып, «тышқан мен мысық» ойнағандарға да қосылмадым. Оның үстіне, Қали үзіліс арасында «Шаңғыны қайда жібердің» — деп маза бермегенімен қоймай, алгебра сабағының үстінде тағы да қағаз жазып бермесі бар ма. Сабақтан көңілсіз келіп, асымды көңілсіз шала-пұла іштім. Тамағыма бірдеме түйіліп қалғандай. Әкімбек ағайдың соншама шұқшыйғанына жәбірленіп жүрегім сыздай берді... Менің осы қалпымды байқаса керек анам:

— Төлеш, саған не болды? Ауырып отырған жоқпысың? — деді. Мен болған оқыйғаны кейістікпен айтып бердім.

— Ендеше, — деді анам, — сен ренжіме... Мә ақша, магазиннен барып шаңғы сатып ал

да, орнына сал. Қоғам мүлкін жоғалтуға болмайды, балам!

Мен қуанып кеттім.

Бір пар жаңа шаңғыны қолтығыма қысып, мектеп ауласына келе бергенімде көлденеңнен Әнуар кездесті. Ол менен де көңілсіз көрінеді. Жүзі солғын... Екеуміз спорт бөлмесіне бірге кірдік. Әкімбек ағай тағы жалғыз емес. Бір топ балалармен сөйлесіп отыр. Шаңғыны босағаға сүйеп, малақайымды қолыма алып:

— Шаңғы әкелдім... — дедім ауызыма басқа сөз түспей, зорлана езу тартып.

— Айттым ғой, үйде қалдырдың деп, болмайсың, — деп Қали елден ала бөтен суырылды.

— Бұл ол емес, жаңа шаңғы, — дедім Қалиға қабағымды түйе орынсыз қыстырылғанын жаратпай.

— Жоғалған шаңғының төлеуі ме бұл, — деп Әкімбек ағай мырс етіп басын шайқады.

Мен басымды изедім.

Әнуар маған жалт қарады. Екі беті қызырып кетті. Ерінін тістелеп, көзі үлкейе түсті. Қолындағы малақайын ұмаштады.

— Қайдағы жоғалған шаңғы? — деді тосыннан, аузы құрғап қалғандай тамсанып.

— Мәселе былай, балалар. Осында Төлештің шаңғысы қойған орнында жоқ, — деп Әкімбек ағай түсіндіре бастағанда Әнуар кие жөнелді.

— Жоқ емес, бар, — деді қатты дауыстап. Өңі мың құбыла тез-тез сөйлей бастады. Ол бұл сөздерді жүрегін жарып шыққандай қынжыла тұрып айтты. Жүрегім дүрс-дүрс ұрды. Әкімбек ағай да, балалар да Әнуардің аузына қарап қалған...

Кеше Әнуар орман ішінде жалғыз өзі сырғанақ теуіп жүріп көлденең құлап жатқан қарағай түбірінен аттап өтемін дегенде, оң аяғындағы шаңғы майысып барып шарт етті. Енді барлық салмағы сол аяғына ауып сүріне құлағанда, екінші шаңғы да сынып қалды. Қарға аунап тұрған Әнуар жүрелеп отыра қалып, сынған шаңғыларына қарап басын қос қолдап ұстай алды... Мең-зең күйде көп отырды. Көз алды қарауытып кетті... Кенеттен шаңғы сынықтарын лақтырып жіберіп лып тұрды. Анасынан ақша сұрап алмақ, сынған шаңғыны орнына салмақ оймен үйге жүгіре жөнелді... Бірақ, қарындашпен дәптер, кітап сатып алуға бір сом, жарым сомды жанжалмен әрең беретін анасы шаңғыға жететін кесек ақшаны қайдан берсін...

— Көк жұлын, тағы не пәле шығарып келдің, көк жұлын... Мен ақша орып отыр деймісің, — деп қолды бір-ақ сермеді.

Әнуар үйден қалай шыққанын білген жоқ. Еңсесі түсіп мектепке қарай беттеді. Қытымыр шешенің оқыс ісіне жарылардай болып келеді... Не істейді?! Мектеп шаңғысы... Төлеуге халім жоқ деу не деген мүсәпіршілік. Мектеп шаңғысы... Оның быт-шыт ойы бір кезде құйындай үйіріліп барып көмескі тұманға кіріп кеткендей болып еді, тұла-бойы шошынып дір етіп қалды да, еріндері «жоқ» деп күбір ете түсті. «Несіне тартыншақтайсың, төлеуге халім келмеді дегеннен жаман болып па?» — деп құлағына сыбыр қаққандай болған ой, «жүр, жүрге» басты... Аяғың қаттырақ басты. Мектепке, спорт жабдықтары бөлмесіне келді. Бұл тұста Әкімбек өзі де сыртта шаңғы теуіп жүр екен. Мұндай уақытта бөлме кілттелмейтін. Балалар шаңғыларын өздері әкеп орын-орнына қоятын. Қазір де бес-алты пар шаңғы тұр. Өзінен басқа ешкім көзіне түспеген Әнуар жүрегі дүрсілдеп кетті. Діріл қаққан қолдарымен шаңғылардың бірін алды да, өз шаңғысының орнына қоя салды. Ұстап алайын деп бұрышта біреу аңдып тұрғандай бөлмеден атып шықты. Не істеп, не қойғанына есеп берген жоқ. «Шаңғыны сындырып, мектеп мүлкін бүлдірді» деген атқа қалмаса болғаны...

Бірақ, Әнуардың жаны жәй таба алмады. Кейістік үстінде алды-артына қаратпай істеп қалған ағаттығы ілкім-ілкім жүрегін шаныш-



қылай бастады... Түнімен ұйықтай да алған жоқ. Ал, таңертең сабаққа келісімен болған жайды Әкімбек ағайға айтпақ еді, ретін таппады. Әсіресе, Қали шықпай қойды бөлмеден. Ал, ол естігенін жұрттың бәріне жайып жіберетіні белгілі...

Осының бәрін көзін жыпылықтата кінәлі үнмен айтып бергеннен кейін Әнуар басын салбыратып, жаза күткендей болды.

Мен жаутаңдап Әкімбек ағайға қарадым. Ол кісі ойланып қапты. Балалардың да қатты дағдарған түрлері бар. Қынжылысатын сыяқты. Таңертең шаңғымды біреудің ауыстырып қойғанын көргенде қолыма түссе түйіп жіберердей ашу қысып еді. Жолдастарым ішінде ондайдың барына қатты қынжылғам. Енді Әнуар болған оқыйғаны бүкпестен айта бастағаннан-ақ өзгере қалдым... Бір кезде Әкімбек ағай:

— Не десем екен саған, Әнуар?.. Өзге, өзге, тап сенен мұны күтпеген ем. Ашық мойындаудан мені, болмаса мына жолдастарыңды алдау оңай болды ма? — деді қабақ шытып.

— Бұл — қылмыс, мұғалім... Пионер жыйналысына салу керек, — деп Қали іле жып ете түсті.

— Қоя тұр желпілдемей, — деді Әкімбек ағай оны ұнатпаған пішін білдіріп. Басқа балалар да дереу жым болған Қалиды көзбен атты. Мен де қарап тұрмадым.

— Ағай, — дедім жүрексіне күмілжіп, — Ағай...

— Ия, Төлеш.

Н. Тихонов.

ОЙДАН ШЫҒАРУШЫ „ӨЗІМ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕРДЕН“

Бұл оқыйға Петроградтың дәлірек айтқанда, астана қала Санкт-Петербургтың түбінде болған. Оны жәй ғана Питер деп атайтын. Біз Павловск қаласының жанындағы Глазово деревнясындағы дачада тұратынбыз.

Біздің сондағы балалардың компаниясында, кімнің еліктіруімен екені қазір есімде жоқ, кеш сайын оқып шыққан кітабын бір-біріне айтып беретін әдет болды. Шарт мынадай: оқылған кітаптың мазмұны тыңдаушыны еліктіріп ала жөнелетін болуы керек. Дачадағы ауызша әңгіме айту клубында, қора сыртындағы ескі бөренелердің үстінде, сол кездегі барлық қыял тасытқыш кітаптар Жюль Верннің, Жаколионың, Буссенардың, Лоридың, Пембертонның, Джек Лондонның, Густав Эмардың, Фенимор Купердің, Сальгаридің романдары әңгімеленген. Балалар көп оқыған еді, қайсыбірі кітапты кітапханадан алса, біреулері «Әлем айналасында» немесе

— Әнуар сындырған шаңғыны мен орнына салайын, — дедім. Құлағыма дейін дуылдап кетті. «Көмектің түрі осы боп па деп тастай ма» — деп сескендім. Қолымды сыйғызар жер таппай, малақайымның бауын жұлқылай бердім.

Кеудесінде намыс оты ду еткендей Әнуар маған жалт қарады.

— Керегі жоқ, — деді ол қайсарланып. Мен өзім-ақ... Керегі жоқ... Ол басын шайқады. Қасарыса түсетініне көзім жетіп, ұсынысымды қайталамадым. «Не айтасыз?» деген үмітпен мұғалімге қарадым. Балалардың назары да сол кісіге ауған.

— Ал, өздерің қалай дейсіңдер, балалар?

— Төлештің айтқаны жөн ғой, мұғалім, — деп менімен қатарласа Қасым күңк етті.

Мұны басқа балалар қостады. Не қортынды жасағанын кім білсін, әйтеуір қоңыр көздерін сәл сығырайта аз отырды да, Әкімбек ағай:

— Жақсы, — деді әрі-беріден соң. — Солай ұйғарсаңдар — солай болсын, бұл істі кешірейік. Енді қайталанбас... Түсінікті ғой, Әнуар.

Әнуар жүзі оттай жана, басын изеді. Не істерін білмей көнетоз көкшіл пальтосының бір түймесін жұлқылап тұрып үзіп алды.

— Ал, Төлеш, сен шаңғы төлегеніңді ауырсынбай-ақ қой. Атың Төлеш екенін білеміз, — деп Әкімбек ағай қалжыңдай жымыйып, стол үстіндегі қағаздарын жыйнастыра бастады.

Е. Мырзахметов.

Петропавл қаласы.

«Табиғат және адамдар» деген журналдарды алғызып оқыйтын еді.

Әңгіме айтушының әрқайсысы өзгелерді төбесінен мұздай су құйып жібергендей жирентуге, біз неғып бұл кітапты оқымағанбыз дегізіп өкіндіруге тырыса сөйлейтін. Міне, сол әңгіме айтушылар тобына мен де қатыстым, бірақ оқыған кітаптарымыздың азайып, таусылып бара жатқанын, ал жаңа кітаптардың жоқ екенін және бола қоймасын мен тез аңғардым. Айта кететін бір нәрсе, бұл балалардың өмпейі тобын, мен өзімнің әңгімелеріммен өзіме бірден тартып әкеттім, енді жеке-даралығымды менің ешкімге де бергім келмейді.

Менімен тайталасушы Пашка Тырданов болды, біз онымен әңгімені сазына келтіріп айтуға таластық. Міне, енді қыйналар кез де кел жетті. Егер Пашка бүгінгі кезекті кешке жаңа әңгімемен келе қалса, менің ауыз тұшытарлық түгім жоқ. Не істеу керек!

Мен парктегі Маң-мұнара деп аталатын ағаштың түбіне келіп жаттым да, ұзақ ойға шомдым. Мысалға Жюль Вернді алсақ, ол несімен күшті! Оның романдарын қалай жазғаны туралы менің мұрныма түктің де иісі бармайтын, әйтседе, шым-шытырық қыял шарықтатқыш күрделі романдардың кілтипанына түсіну үшін, мен оларды талдай бастадым. Сөйтіп мен мынадай қортындыға келдім. Ол әуелі ең алыстағы, ешкім білмейтін бір елді алады. Сол елдің әуе райын анықтап алып, ондағы табиғат құбылысының ерекшеліктерін жазып қояды. Мысалы, онда құмды суыратын қара боран немесе сел ағызатын несер, солтүстік болса, көзге түртсе көргісіз боран соғатын болар. Айталық, онда қатты су тасқыны болатын немесе вулкандар шапшыйтын шығар. Онда қандай аңдар бар? Онда жыртқыштар:

ғаны қолма-қол қосып отырдым. Мен Хаггардың «Ол» дейтін романын былжырап дәмсіз айтып отырған Пашка Тырдановтың аузына құм құйып шоңқыйтып кеттім. Әлде Пашканың шабыты келмеді ме, әлде менің мерейім үстем болды ма, әйтеуір, әңгімесі менің әңгімеме астар да бола алмады. Бәрі маған романның авторын айт деп шуласты. Мен, бұл Америка жазушысы капитан Смит дедім.

— Ешқашан есіткен емеспін, — деді тұнжырап Пашка, — сен бұл кітапты қайдан алдың?

— Мен оны баяғыда, бала күнімде оқығанмын, — деп салдым шылп етпестен оған, — тіпті суреттері де әлі есімде.

Осы күннен бастап менің жеке-даралығыма тайталасар ешкім болмады, бірақ енді мен де толасыз еңбектендім, өйткені әр елде болған шым-шы-



жолбарыс, арыстан, пантера бар ма! Онда әбжыландар бар ма, және қандай түрлері бар? Онда қандай өсімдіктер бар? Мүмкін адам ұлайтын өсімдіктер болар, мүмкін дәулері я тым тырбықтары бар шығар! Осылардан кейін сюжет табу керек. Бәрінен де таңғажайып сыры бар оқыйғалар немесе ғылыми жаңалық ашатын оқыйғалар қызық болады ғой.

Әрине, кейіпкерлер бір елден екінші елге сапар шегеді. Міне, сондықтан, барар жерде кімдер тұратынын еске алу қажет. Егер адамжегіштер немесе сотқар бәдәуилер яғнай зымыян ергежейлілер ұшырасса тым жақсы.

Енді, міне, оқыйға шиеленісіп кете береді. Жұмбақтап жазылған хаттар да табылады. Бір жерлерде қамбалар да болуы ықтымал. Оған іздеу салынады. Құпия бірінен соң бірі туындай береді. Біресе әуе райы бұзылады, біресе тағы адамдар қуады, не болмаса сұмдық қорқынышты аңдар жабылады, қала берсе вулкан немесе дауыл сыяқты тағы бірдеңе ұшырайды. Бек жақсы. Түйін табылды оқыйға жүйе-жүйесімен көсіле жөнеледі.

Мен кешкі әңгімеде айтып берерлік романды басымда дайын алып келдім. Оны мен ұзақ айттым, неге дегенде, әрбір шытырман жаңа оқый-

тырық оқыйғалар етіп үсті-үстіне жаңа романдарды ойдан шығара бердім, шығара бердім. Рас, мен өзімнің романдарымды жазып әуреленбедім, тек оның жоспарын, конспектіні жасаумен қысқаша мазмұнын жазумен, кейбір көріністерін долбарлаумен тындым. Ол жазулар бұл күндері сценарий деп аталатындарға ұқсас еді.

Ол кезде мен соғыс тарихымен құныға шұғылданатынымын, сондықтан менің онан тақырып алуым ешбір қиындыққа түспеді, ал менің өз қиялым оларды дамытып, толықтыра салатынды. Сонымен мен әңгімесіз отыра алмайтын ауруға ұшырадым. Ауруым менің тыңдаушыларыма да жұқты. Романымен қоса ойдан шығарылған талай-талай жаңа авторлар капитан Смиттің орнын басты. Енді оқыйғалары Австралияда, Азияда, Тибетте, Африкада болған романдар айтылды, олардың сюжеттерін мен Египетте болған араб патшасы мен Махди көтерілістерінен алдым. Мен сонда Константинопольді түріктерден азат еттім, европалықтарды Қытайдан, голландықтарды Суматра мен Явадан, ағылшындарды Индиядан құдым. Мен олардың егжей-тегжейін айту үшін мәліметтер іздеп әуре де бола қойғаным жоқ. Бәрі басымда сайрап тұрды. Пашка Тырдановтың бірінші орынды қынжыла маған беруіне ту-



ра келді. Менің ойдан соққан шексіз қыял әңгімелеріме онын «Оқыйғалар дүниесі» романдарынан оқығандары түк тосу бола алмады. Мұның алдама екені бірде-бір баланың ойына келмеді. Олар мәз-мәйрам болып секіреді де, мен атаған авторларға тосаңсып қалады. Менің өзімнен қайталап сұрасады, таныстары мен туыстарынан білуге тырысады, бірақ бұл дерексіз жазушыларды менен өзге еш жан білмейді. Рас, кейде мен өзімнің романдарымды белгілі авторлардікі деп те жіберіп жүрдім, бірақ өрине, сонда да бұл кітапты ешкімнің оқымаған болып шығатыны түсінікті ғой.

Мен енді тарихи сюжеттерге көштім де, бес бөлімді бір ұзақ роман келіп түсті есіме дедім. Ол «Жұлдызды плащ немесе Кверетароның трагедиясы» деп аталады. Әңгіме көтеріліске шыққан мексикандықтардың халық көсемі Бенито Хуарестің бұйрығы бойынша атылған мексикан императоры Максимилианның тағдыры туралы еді.

Қайғылы оқыйғаларға толы бұл ескі тарихты, соғыстар туралы кітаптарды бас алмастан шұқшыя оқыйтын менен өзге кімнің оқу қолынан келе қоймақ!

Есте қалған көп-көп материалды ойша ақтара түскенде, менің оларды алдын-ала шынара жазып алмайынша сөйлеуім қыйын болатын болды. Сонымен мен тарақ-тарақ қағаздарға жеке-жеке тарауларды, кейіпкерлердің басынан кешкендерін, тарихи оқыйғаларды жазып алдым.

Мен бұл романды рахаттанып сүйсіне отырып айттым. Пашка Тырданов көзінің сұғымен мені жеді де отырды, мұнан мен бір тықырдың таянғанын сездім. Пашка бұл жолы романның авторы кім деп те сұрамады, тек жымп беріп келіп тыңдауға отырды. Мен де емін-еркін көсіліп кеттім, менің өз кейіпкерімнің басынан өткен ғажайып оқыйғаларын бітіре қойғым келмейді, оның үстіне балалар да қысқартпастан айтып беруді өтінген. Ал, аяғын немен бітірерімді менің өзім де білмеймін. Бір кезде менің басыма кітаптың бұдан былайғы, аяққы беттері жыртылып қалған деп айтайын деген ой келді, бірақ, балалардың ықыласты жүзіне қарап, менің онымды кешірмейтінін ұқтым. Сөйттім де дереу

кітаптың аяғын ойдан жалғастырдым. Пашка бірте-бірте шытына түсті. Менің әңгімем де күтпеген жерден шорт үзілді.

Мен кезекті бөлімді әңгімелеуге кірісемін деп жар салғанда, Пашка мырс етті де былай деді:

— Үш сұрақ беруге бола ма?

— Мейлің, тіпті, төрт, алты сұрақ берсең де,— дедім мен.

— Бірінші сұрақ: авторы кім? — деп сұрады Пашка,— балалар, оған жақсы қадағалап қараңдар.

Ол бұл сұрағымен менің өтірігімді ашпақ болған еді, бірақ оған менің жауабым әзір тұрды.

— Мен алдында айтқанмын, бұл романның бірінші беті жоқ болған. Ал, мұқабасы жыртылып қалған да, екінші бетін біреу шылымға тартқан деп. Неменеге шұқшыя қойдың? Ақымақтық! Онда атты мен саған қайдан таппақпын!

— Солай, — деді шенеп Пашка, онысы маған ұнамады да.— Екінші сұрақ: кітапты көрсет. Сен айтты ең ғой, ол сенің ағаңда болған деп...

— Ол туралы да мен айтқанмын, ал, сен тыңдамағандың. Біздің үйді жөндеп жатқанда, оны біреу ұрлап әкеткен.

— Солай, — деді түтіге түнеріп Пашка,— үшінші сұрақ: сенің әңгімең, сенің былшылық қашан аяқталады?

— Бұл — былшыл емес. Былшылды бұлай тыңдамаған болар еді, сенің де ішің маған сонша күймеген болар еді...

— Ол бүгін аяқталады, — деп айқайлап жіберді Пашка, бөрененің үстіне ырғып шығып, қолын жоғары сермей.

— Бүгін аяқталмайды, — дедім мен.

— Жоқ, бүгін, тап қазір аяқталады! — деп шіңгірледі Пашка.— Мен тексермек үшін, сұрақтарды қасақана бергенмін: ешқандай автор да жоқ, ешқандай кітап та жоқ, және болған да емес. Ол ылғыйына бізді алдап келді. Бәрін оның өзі ойынан шығарып келді.

Пашка қолына ұстаған бір қағаздарды аспанға желпілдете есіп бөрененің үстінде секіріп, секіріп түседі. Мен оны көріп қалтама қолымды салып қалсам, түк жоқ. Пашканың желпілдетіп тұрғаны менің жазғандарым, менің қағаздарым екен. Балалар бұл қағаздарды жұлып алып, шексіздері қата, менің өшіріп қайта жазған жолдарымды, соңғы тарауға жасаған жобамды оқып жатыр. Мен бұл қағаздарымды Маң-мұнара қасындағы орындыққа ұмыт қалдырыппын. Пашка аңдып жүріп менің ол қағаздарымды қақ қасымнан ұрлап әкеткен. Мен әшкереленіп қалдым.

— Ол уәдесін бұзды, оқып шыққан кітаптарын адал түрде айтып берудің орнына, бізді араздастырумен болды. Оны клубымыздан қуып шығуымыз керек, — деп өкірендеді Пашка, көлшілік те оған қосылып кетті.

Мен де:

— Бәрі бір мұнан мен емес, сендер ұтылдындар. Оның аяғын немен бітетінін, сендер бәрі бір енді біле алмай қаласындар! — деп айқайлады.

Бірақ олар мені тыңдаған жоқ, сен алдамшысың, сен ойдан шығарушысың деп ысқырып шұылдасты. Олардың өкпелеп өшіге айқайлауынан мен: олардың мені әңгімешілер клубынан сөзсіз қуатынын ұқтым.

— Жақсы, — деп айқайлады мен, балалардың даусынан асырмақ болып, — мен кеттім. Өздеріңнің Пашкаларыңмен-ақ қалыңдар.

Осы ақырғы сөздеріммен мен Павловск қаласы жанындағы Глазово деревнясындағы дачалар қорасы сыртындағы бөрене үстіндегі әңгімешілер клубынан бір жола тайдым.

Аударған М. НҰРТАЗИН.

КІМ КІНӨЛІ?

ҚЫСҚА ӘНГІМЕЛЕР

I

Бүгін демалыс еді. Аспан көгілдір әйнек секілді мөп-мөлдір. Күн көк жиектен көтеріле бере-ақ жер бетін қыздырып, кең даланы сағым толқындарына толтырып жіберді. Таңғы салқын ауа да қапырыққа айналып, бойды еркін серпілтпей тұмшалай түскендей. Таң алдындағы торғайлардың шырылы да тына қалып, жасыл жапырақтардың сыбдыры да басылған.



Осының бәрі Әбдінің ішін пыстырып, тынысын тарылтқандай болды. Дала ыссы, үй қапырық. Бойынды жаздырмай, зеріктіре түскендей, ойнайтын балалар да аула ішінде көрінбеген соң, ол дереу шолаңда жатқан қармақты алды да, езенге беттелді.

Әбді өзеннің жарлау бір қабағына келіп, қармағын суға тастады. Өзен беті сылаң қағып, сылқ-сылқ күлгендей. Қармақ қалтқысы да бір орында тұрмай бүлкіл қағады. Ол қалтылдаған сайын Әбді қармақты суырып ала берді. Бірақ, ілінген балық жоқ.

Осылайша біраз отырған соң, өзен көрінісі Әбдіні жалықтырғандай болды. Ақыры ол орнынан ұшып тұрды да:

— Сені де қармақ деп сатып алдым-ау, — деп қолындағы қармағын құлаштап суға лақтырып жіберді де, кілт бұрылып жүре берді.

Қармақты іліп алған өзен суы сылқ-сылқ күліп ұзай берді.

II

Бақайдың итті көрсе шыдай алмайтын бір әдеті бар, қайтседе соны түрткілеп ызаландырып, шу көтереді де жүреді. Сондықтан ба, әйтеуір, оның үйі тұрған қыйсық көше бойындағы иттер, иісінен біле ме, кім білсін, Бақай сабакка барарда, не қайтарда көшені басына көтеріп, азан-казан қылады.

Кластас жолдастары да кейде шулаған иттердің даусын естігенде Бақайдың көшемен өтіп бара жатқанын үйде отырып-ақ білетін.

Бірде, мынадай бір жай болды. Оны Бақай қаншама жасырғанымен келесі күні-ақ

кластағылардың бәрі де естіп, өзара күлісті. Ол былай еді:

Отряд советінің председателі Кәрім класка С. Маршактың жаңа өлендерін әкеліп, үзіліс кезінде мақтанған адамдай дауыстап оқып, балалардың көбін өзіне үйіріп алды. Қашанда жаңа кітаптарды жұрттан бұрын класка өзі әкеліп, мақтаныш білдіретін Бақайға бұл онай тиген жоқ. Оның үстіне Кәрімнің әкелген кітабын алып оқып шығуға да құмартты. Класта кітапты балалардың көзінше сұрағысы келмеді.

Сабақ бітісімен мектеп ауласында Кәрімді оңашалап шығарып алып, кітабын сұрап еді ол:

— Мен де түгел оқып шыққаным жоқ. Егер оқығың келсе, алтаман біздікіне кел. Екеуміз бірігіп оқыйық, — деді.

Кәрім орталық көшеде тұратын. Көк дарбазалы үлкен ағаш үйді сырттай көргенмен, ауласына кірген емес-ті. Бақай какпа алдына келгенде, күзгі күн ұясына қонған еді. Кәрім үйде екен. Сыртқа шығып Бақайды аулаға кіргізді. Осы кезде кішкентай қанден күшік жүгіріп шығып, еркелеген бойы бұлардың аяғына орала кетті.

Сол-ақ екен, Бақай жүрелеп отыра қалып күшікті ызыландыра бастады.

— Р-р-р-р — деп мұрнын тыржыйтты.

— Әуп-әуп! — деп қолымен бауырын түрткіледі.

Не керек әлгі арада шінкілдеп үрген күшік даусы ауланы басына көтерді. Күшік тісін ыржыйтып, жүнін тікірейтіп, ырылдап тап-тап берген сайын, Бақай қарқылдап күліп маз болды.

Ақыры Кәрім оның бұл қылығына ыза білдіргенде ғана Бақай масайраған қалпы үйге кірді.

Ол Кәріммен ілесіп үйден шыққанда село тұн құшағына енген еді. Какпадан шыға берген кезде әлде бір нәрсе ыр ете түсіп, шалбарының балағын дыр еткізіп жұлжый тартқанда ғана Бақайдың есіне күшік түсті.

Ол жалт бұрылды. Бірақ, бұл кезде күшік қора түкпіріндегі үйшігінің ішіне сып



беріп кіріп кеткен еді. Жыртылған балағы шұбалып Бақай үйіне беттеді...

III

Күзде не көктемде бірнеше күн бойы сіркіреп жауған жаңбырды Қалжан да онша тәуір көрмейді. Еңсенді басып, мойнына ауыр жүк артқандай мұндай кез әбден қажытады-ақ. Дегенмен жауын тынып, бұлттар тау бөктеріне жөңкіле қашып, аспанда күн көзі жалт ете түскенде көшеге шығып ойнауды Қалжан өте ұнатады. Мұндайда есік алдында, аула ішінде, көше бойында іркілген жаңбыр суы, Қалжанға кәдімгі айдын көлмен пар. Шіркін, жауын болмай-ақ, осындай қақ сулар көп болса.

Мұндайда Қалжан қолдан жасаған қараз кемелерді жүздіріп, әрі-беріден соң әскери ойындар да ойнап қызыққа батып қалады. Әсіресе, кемелерді алыстап тұрып таспен атқылап ойнау-ше. Тек, сол ғана ма? Көрші балалар жыйналған кезде Қалжан байқатпай шалшық суға тас лақтырып жіберіп, лай судың олардың үсті-басына, бет-аузына шашырағанын көргенде қандай мәз болады десейші.



Міне, бүгін де күн жадырап ашылып кетті. Іркілген су беттері жалтылдап бейіне көлдей көрінді Қалжанға. Ол қағаз кемелерімен біраз ойнап, енді үйге қайтпақ болғанда көрші үйдің алдында өзі құсап қағаз кемелермен ойнап жүрген кішіред екі баланы көрді.

Әлде бір ой сап ете түскен Қалжанның көзі күлімдеп кетті. Дереу жерде жатқан үлкен бір кесекті алып, арқасына жасыра, тышқан аулаған мысықша баспалап соларға қарай жүрді.

Қалжанның келіп қалғанын балалар ойын үстінде байқаған жоқ. Қалжан оларға жете бере әлгі кесекті сілтеп қалды. Бірақ, қолынан шығып кеткен кесек, ол ойлағандай шалшықтың арғы шетіне түспеді. Бергі шетіне шолп етіп, шашыраған лай су өзінің бетін жауып кетті.

Ыза болған Қалжан жерде жатқан бір тасты теуіп жіберіп бақырып жылап отыра кетті.

IV

Бүгін Қалтай қуанышты. Оған қонаққа 3-класта бірге оқыйтын Гүлсім, Кәкім, Әшір келді. Тағы да қандай қонақтар десейші!

Гүлсім — отряд советінің председателі. Кәкім — звено вожатыы. Ал, Әшір болса, қаладан келген агрономның баласы.

Қалтай оларға салған суреттерін де, мамасы әперген кітаптарын да, шоланда жатқан ескі чемоданының ішіндегі сынған конькийін де көрсетті. Әрі-беріден соң інісінің ойыншықтары да оныкі болып шыға келді.

Қонақтар қайтар кезде ол аула ішіндегі тауықтарды да көрсетіп, оған мамасы айтқан кезде жем шашатынына да мақтанды. Осы кезде оның көзі үй жанындағы көлеңкеде жатқан ала бұзауға түсті.



— Қарандар, — деді ол мақтана дауыстап. — Бұл бұзау да менікі.

Сөйтті де, жүгіріп барып бұзаудың үстіне қарғып мінді. Тыныштығын бұзғанды жақтырмаған бұзау орнынан атып тұрып, артқы екі аяғын көтеріп тулап кеткенде, Қалтай жерге ұшып түсті.

— Вот, тәртіпсіз. — деді ол шекесін уқалай түрегеле беріп.

Гүлсім мырс етті, Кәкім сақылдап күлді, Әшір болса теріс айналды.

V

Жаныс әлгінде Рахметке кездесті. Ол қабағын төмен салып, әлденеге ренжігендей тұнжырап келе жатыр екен.

— ТЮЗ-де жаңа кино бар екен, — деді ол Жанысқа солғын үнмен. — Бірақ, адам көп. Билет алу қыйын.

— Е-е, сол ма! — деді Жаныс дауысын соза, иегін қағып.

— Жүр, қазір-ақ алып беремін. Керегі саған билет қой, ә...

Рахметтің тартынғанына қарамай, кино-театр алдына келгенде кезек күтіп тұрғандардың өте көп екенін көрді. «Мақтанып едің, көрдің бе? Енді қалай алмақсың?» — деді Рахмет көз қыйығымен қарап.

— Шұрқ етпе, — деді Жаныс иегін тағы бір қағып қойып. — Әкел, ақшанды.

Ол кассаның алдына кимелей жетіп барды. Басқалардың не деп жатқанымен шаруасы болмай, ақшаны соза бергенде, әлдекім құлағынан ұстап кейін тартты. Жалт қараған Жаныс еңгезердей шляпалы адамды көрді. Әлгі адам ләм деместен Жаныстың құлағынан ұстаған бойы, кезектің ең сонына апарып қойды.

— Қарай гөр. Өзі үлкен, тағы күш жұмсайды, — деп мінгірледі Жаныс ашыған құлағын уқалап.

Ол жан-жағына қарап еді, Рахметті көре алмады. Кетіп қалыпты.

VI

Түстен кейін Темір дөңгелекті имек темірмен шырылдата доңғалатып жүрді де, кенет су ішкісі келіп кетті.

— Мен қазір... — деді ол үйге қарай жүгіріп.

Есіктің алдына келе бере, имек темір мен дөңгелекті тастай салып, үйге зып беріп кіріп кетті. Ол келген бойда ауызғы бөлмеде тұрған шелектегі суды аптыға ішіп, сыртқа қайта жүгірді. Шыға бергенде, әлгі тастаған дөңгелекке аяғы шалынысып етпетінен түсті.

— Мұны кім тастаған, — деді ол темірді лақтырып жіберіп, жылап отыра кетті.



VII

— Әшім, отын жарып әкелші!
— Қолым ауырады.
— Олай болса, су әкеле ғой!
— Аяғым ауырады.
— Келші бері, мына жіпті сабақтап берші!

— Көзім ауырады, әже.
— Маған көрсеткен көмегің қайсы?
— Оған мен кінәлімін бе?

КОМЕК

Әшірбек арифметика пәнінен үлгермейтін еді. Кластас жолдасы Бөлек оған сабақ үйретпекші болды.

— Мен Әшірбекке есепті оп-оңай үйретемін! — деді ол өз звеносындағы пионерлерге.

Бірақ, Бөлек ашуланшақ болатын. Ол алғашқы күні-ақ сабақ үйретіп отырып Әшірбекке қайта-қайта ренжіп, орынды-орынсыз ұрса берді. Бұған Әшірбек шыдасын ба:

— Сенен сабақ үйренгенше, өзім-ақ бірдене етермін, — деді де, қолын бір сілтеп, үйіне кетіп қалды.

Айтқанындай-ақ ол келесі сабақта есепті жақсы шығарды. Одан кейінгі сабақтарға

VIII

Сабақтан келісімен Оспан сумкасын лақтырып тастап, стол үстінде тұрған тамақты апыл-құпыл ішті де, ойнауға кетті. Ол кешке дейін доп қуып жүргенде үйдегі інісі Мұрат қарап қалған жоқ. Әуелі Оспанның сумкасын ала мысықтың мойнына байлап біраз сүйретті. Сонан соң, шешесі аулада жүргенде ішін ақтарды.

Қарындаштарын өзінің қобдйына салды. Қітаптардан үй жасады. Әрі-беріден соң оның ішіндегі суреттерді қарай бастады. Бірде оған қызыл-қызыл алмалар ұнап кетті де, оны жыртып алып төсегінің тұсына түкіріктеп-түкіріктеп жапсырып қойды. Сөйтіп жүріп сыяны төгіп алды да, оны сүртемін деп үсті-басын былғады. Бір-екі дәптердің парағын жұлып алып тырнамақ болып еді, кетпеді.

Осы сәтте ойына Оспан түсті де, дереу кітап-қағаздарды сумкаға салып, төсектің үстіне тастай салды.

Ойыннан қайтқан Оспан ертеңгі сабақ есіне түсіп, сумкаға жармасты. Қітап былғанған, дәптер жыртылған, қарындаш жоқ.

— Мұны кім бүлдірді? — деді ол бақырып.

Даусын естіген інісі тайып отырды, тек бұрышта жатқан ала мысық қана басын бір көтеріп, еріне қарады да, тұмсығын қайтадан бауырына беріп маужырап ұйқыға кетті.

* * *

Осылардың бәрінен бір сұрақ туады. Кім кінәлі?

С. Сарғасқазев.

да ылғый дайындалып келетін болды. Жолдастары бұған қатты таңданып Әшірбектің арифметиканы жақсы оқығаны үшін жаппай Бөлекті мақтауға кірісті.

Балалардың бірі:

— Бөлек сөзінде тұрды, — десе, екіншісі:

— Әшірбекті математик етіп шығарды, — деді.

Ал, үшіншісі:

— Шіркін, Бөлектің несін айтасың! Оныкі нағыз жолдастық қой, — деді...

Мақтау айтқандары жақсы-ау. Бірақ, не керек, Бөлек осындай әңгіме айтыла бастағанда, тыңдауға дәті шыдамай, дереу жолдастарының жанынан тайып отыратын.

М. Гумеров.



ҮШ ҚАЗЫНА

(Жапон ертегісі)

Бір шаруаның үш ұлы болыпты. Үлкені жуас, момындау болғандықтан үй ішіндегілердің бәрі оны аңқауға сайыпты.

Бір күні қарт әкесі өзінің балаларына былай депті:

— Менің жасым ұлғайып барады, өзіме мұрагер дайындайтын кез жетті. Сендердің маған бәрің де бірдей қымбатсындар, ешқайсыныңды ренжіткім келмейді. Жат жұртқа барып бақыт іздендер. Сендердің әрқайсыңа қаражат берем, үш жылдан кейін кім менің қоймамды ең асыл заттармен толтырса, сол менің мұрагерім болады.

Қарт балаларына қаражаттарын бөліп берді де:

— Енді қайда барсаңдар да өздерің біліңдер, — деді.

Кіші ұлдары ағаларын мысқылдап:

— Біздің ашықауыз үйге ештеңе әкелерме екен! — деседі.

Бір бұрылысқа жеткенде олардың әрқайсысы әр жаққа жөнеледі: кіші ұлдар ірі қалаларға қарай тартады да, үлкені басы ауған жаққа беттейді.

Ол жүріп келеді, жүріп келеді, бір жерге келгенде терең бір өзенді көреді, бірақ, көпірі жоқ — ағыс алып кетсе керек. Өзеннің аржағында жасыл шалғын мен орман жай-

қалып тұр, бірақ өзеннің өткелі болмағандықтан олардың адамға пайдасы жоқ.

Сонымен қарттың үлкен ұлы: «Көпірді жөндеу керек, өзеннің арғы бетіндегі жер тегін қалмасын. Одан да жұртқа пайдасы тисін» — деп ойлады.

Сөйтіп ол көпірді жөндеуге кірісті, оған үш жыл бойы еңбек сіңірді. Әкесінің берген бар қаражатын ұстап бітірді, енді оған бірақ жол қалды. Ол құр алақан үйге қайтып бару еді. «Міне, енді маған інілерім күліп жүретін болды! — деп ойлады ол. Істерге амал нешік. Соңғы рет өзен жағасына жатып ұйықтап кетті. Түсіне ақсақалды бір қарт адам кірді.

— Жұрт үшін сен көп еңбек еттің, — деді қарт, ал өз қамыңды ескермедің. Бірақ сенің еңбегің атаусыз қалмайды. Міне саған қармақ. Ертең көпірдің орта шенінде тұрып өзенге үш рет қармақ таста. Бірінші жолы қалта ілігеді. Бұл — тегін қалта емес! Сілкіп қалсаң болды, ішінен алтын ақшалар судай төгіледі. Екінші ретінде қармағыңа тамаша бір құмыра ілігеді. Оны еңкейтсең болды, ішінен өмірі таусылмайтын шарап келіп құйылып жатады. Үшінші жолы саған бір сыпырғыш ілігеді. Оның түрі жай әшейін сыяқты болғанмен, керемет қасиеті бар. Ол айда өсетін ағаш бұтақшаларынан жасал-

ған. Бұл сыпырғышпен әр ұрған сайын қарттар жасарып сала береді. Жалғыз-ақ есінде болсын, екі-үш реттен артық ұрушы болма.

Таңертең үлкен ұл оянып тұрды да:

«Менің көргенім не қылған ғажап түс! Мұндай да елес бола ма екен!» — деп ойлады.

Қараса, нақ жанында, шынымен, бір қармақ жатыр. Ол өзінің түсіне кірген аян екенін енді білді. Көпірдің орта шеніне барып тұрып өзенге қармақ тастады. Су ішінен бірдене қараң етіп, қармағы қалт ете қалды, сөйткенше бұл қалтаны тартып алды. Оның аузын ашып, сілкіп қалып еді, алтын ақшалар шашылып тақтай көпірдің үсті сылдырап қоя берді. Ол қармағын екінші рет тастағанда құмыраны ұстады. Құмырадан ғажап дәмді шарап төгілді, мұндайды ол өмір бойы татып көрген жоқ еді.

Қармағын үшінші рет тастап еді, сыпырғыш толқынмен ағып өзі келе жатты. Ол бұл үшін қазынаны орамалға түйді де, бір таяқтың басына кигізіп алып, үйіне қарай беттеді.

Жолшыбай келе жатқан інілерін көреді, әрқайсысының үш көлікке тиеген олжасы бар. Інілері оны бірден мысқылдауға айналды:

— Әне қара, біздің ашықауыз бір ғана кішкентай түйіншекпен келе жатыр! Біз де осылай болар деп ойлап ек! Үш жылдың ішінде ешқандай сауда-саттық жасамай, әкеміздің ақшасын бекерге шашып қайтты, — деді.

Үлкен ағасы бұларға үн қатпады, тек жымыйып қана қойды. Үйге жеткенше олар осылай үнсіз келді.

Қарт балаларын қуанышпен қарсы алды. Ол бұлардың әрқайсысына бір-бір қойма әзірлеп қойыпты. Бұл қоймаларды қарттың балалары немен толтырар екен деп оны барлық туыстары мен ауылдастары көруге келді.

Бірінші қойманың есігін ашып еді, ол төбесіне дейін ірі күрішпен толып тұр екен.

— Жақсы екен, балам! — деді әкесі. — Шаруаға алдымен күріш керек.

Екінші қойманың есігін ашып еді, оның іші түгел бума-бума жібекке толы бопшықты.

— Жарайсың! — дейді әкесі. — Көп олжа тауыпсың!

Ал, үшінші қойманы оның көргісі де келмеді, бірден үйіне қарай бұрыла жөнелді.

— Мұның не, әке! — деді үлкен ұлы. — Менің қоймамды тіпті көргің де келмейді ғой?

— Ә, оны көріп керегі не? — деп жауап берді әкесі. — Бекерге қонақтар алдында масқара болып. Сен жалғыз бір ғана түйіншекпен келген жоқсың ба!

— Мені де ренжітпе! Аналар сыяқты, мен де сенің балаң емеспін бе? — деді үлкені.

Амал жоқ. Қарт үшінші қойманың есігін құлықсыз барып ашты. Қенет іштен алтын тыйындар өзенше бері құйылды. Алтынның жарқырауы соншалық, жұрттың бәрі көздерін жұмды.

Қонақтар аңтарылып тұрып қалыпты, таңқалғандары соншалық, бірде біреуі ә деп ауыз аша алмады. Енді үлкен ұлы оларға:

— Бәріңіз де бір-бір уыстан алтын алыңыздар, өтінемін, қысылманыздар! Мұнда әлі жетіп жатыр! Ал, бұдан кейін біздікіне той тойлауға барамыз! — деді.

Қонақтар тойға отырды. Үлкен ұлы жұрттың бәріне тамаша шарап құйды, сөйтіп қызық болды дейсіз!

— Бәрі жақсы, бірақ өкінішім бар! — деп мұнайды әкесі, — Мен өте қартайып қалдым! Әйтпесе, мен осы қуанышта бір билер едім!

— Менде оның да дауасы бар, — деді де үлкен ұлы қарттың арқасынан сыпырғышпен бір-екі рет тартып қалды.

— Сен не істеп тұрсың, әдепсіз кеткен! — деп қонақтар аң-таң қалды. Бір уақытта қараса, ақ басты қарт қара шашты, қайратты жас жігітке айналған. — оны отыз жастан артық деуге мүлде болмайды! Ол енді атып тұрып билей бастады. Осы арада барлық шал мен кемпір бізді де сыпырғышпен ұр деп жалынбасы бар ма. Қаусаған кәрі кемпір екеш, ол да жасарып кетті. Ол өз аузымен алғыс айтса да, бірақ ішінен:

— Немерем сыпырғышын аяды! Әйтпесе, мені бұдан да жасартып, жыйырма, тіпті, он жеті жас шамасына жеткізуіне болатын еді, — деп мыңқылдады.

Жұрттың бәрі би биледі, билемеген тек кемпір ғана болды: ол жалғыз отырды да артынан қайда кеткені белгісіз жоқ болды. Ақыры, ол жұрттың есіне келіп, оны іздеуге айналды, байқаса, манағы сыпырғыштан тек сынған шыбықтар ғана қалған! Оның қасында жерде кемпірдің халаты жатыр, халаттың бір жақ жеңінде тыпырлап жылап бір жас бала жатыр.

Амал жоқ, немерелері өз әжелерін әлділеуге айналды. Ал, сыпырғыш сол күйі жоғалды. Міне, содан былай қарай қарттар жасармайтын болыпты.

АЛНЫСБАЙДЫҢ ЕРЛІГІ

Бұл Алнысбайдың қысқы демалыста жайлаудағы ауылда жүрген кезі еді. Бір күні ол ағасына:

— Малды бүгін мен жайып келейін, күн ашық екен,— деп өтінді. Ағасы інісінің өтінішін қабыл ала тұрып:

— Інім, ит-құстан сақ болғайсың,— деді. Алнысбай малды айдап ауылдан ұзап кетті. Таңертең аспан ашық болғанмен түс қайта күншығыстан жел тұрып, жаңадан жауған ұлпа қарды үйіре бастады. Боран біртіндеп үдей түсті. Бетке соққан қыйыршық айналадағы ештеңені көрсетпеуге айналды. Бұл кезде Алнысбай қойларды жыйыстырып, ық жақтағы ауылға қарай қаптатты. Бір уақытта қойдың шеті дүр етіп үрікті де, жан-жаққа тым-тырағай қаша жөнелді. Алнысбай ұйтқый соққан боранның арасынан, көк жал қасқырдың семізше келген ақ лақтың тірсегінен тістеп тұрғанын дереу байқай қалды. Енді ойлауға да уақыт жоқ. Қолындағы жыңғыл таяғын көтере сермеп қасқырға жақын келіп, бар даусымен айқайлады. Бірақ, қасқыр бұған елең-еткен жоқ. Алнысбай жан ұшыра жүгіріп лақты жұмарлауға әрекет етіп жатқан қасқырдың қасына келді де, қолындағы жыңғыл таяғымен тұмсықтан соғып өтті. Соққы көрген қасқыр лақты дереу босатты. Сөйтіп, ақ лақ ажалдан аман қалды. Күн бата Алнысбай барлық қойды шашау шығармай қырға айдап келді. Болған уақытты естіген ағасы:

— Мұның ерлік екен, інім, қоғам малын өзіңнің малыңнан артық көргенің әбден орынды,— деп Алнысбайға алғыс айтты.

Ж. АРАЛОВ,

Гурьев облысы, Шевченко ауданы,
Киров атындағы орта мектептің оқушысы.

**МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ
ПИОНЕРЛЕР ДРУЖИНАСЫ**

Біз бір күні дружина кеңесінде республикамыздың астанасы Алматы қаласында жұмыс істейтін Мәншүк Мәметованың анасы Әмина Мәметоваға хат жазуды ұйғардық. Көп кешікпей хат та жазылды. Ол хатта біздің мектеп пионер дружинасы Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың есімімен аталатынын айттық және мектептегі қызықты істерімізді баяндадық.

Арада бірнеше күн өтті. Бір күні мен Мәншүктің анасынан хат келгенін пионерлерге хабарладым. Хатта Мәншүктің де бір кезде мектепте мойнына қызыл галстук тағып пионер болғаны, Отан соғысы кезінде майданға өзі сұранып барып ерлікпен қаза тауып, өз атын өшпес даңққа бөлегені айтылыпты.

Хатты оқып біткеннен кейін пионерлердің барлығына арнап:

— Естідіңдер ме, балалар, қазақ қызының өмір жолын, ертең сендер де Мәншүк апамыздай сүйікті Отанымызға аяулы азамат болып өсулерің керек,— дедім. Хатты ұйып тыңдаған барлық бала:

— Отан үшін қызмет етуге әрқашан да дайынбыз! — деді бір ауыздан. Осы бір айтылған сөздер әркімнің Отан алдындағы қасиетті анты сыяқты болып естілді.

Ж. ЗАМАНБЕКОВ,

Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Ворошилов атындағы
жетіжылдық мектептің аға пионер вожатыйы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Жас төлшілер» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата проспект Сталина, дом 79 редакция журналы «Пионер»

Қазақстан ҚП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 6/II-57 г. УГ00737. Бум 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 30.500.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР Заказ № 145.

Біздің күндеріміз



МАРТ
6
СӘРСЕНБІ

Орыстың аса көрнекті теңізге жүзушісі Ю. Ф. Лисянскийдің қайтыс болуына (1837) бүгін 120 жыл толады.



МАРТ
18
СЕЙСЕНБІ


**ПАРИЖ
КОММУНАСЫ
КҮНІ**



Орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің (1809—1852) қайтыс болуына 105 жыл толады.

МАРТ
14
БЕЙСЕНБІ

КАРЛ МАРКС
1883 жылы
ҚАЙТЫС БОЛҒАН



Karl Marx

МАРТ
8
ЖҰМА



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ӘЙЕЛДЕР
КҮНІ**

МАРТ
17
ЖЕКСЕНБІ

А.Н. БАХ
(1857—1946)
ТУҒАНЫНА —



100 ЖЫЛ

22 март — Гете И. В.
— Немістің ұлы ақыны.
Қайтыс болуына (1832) 125 жыл толады.
1749 жылы туған.

24 март — А. С. Новиков-Прибой
— белгілі совет жазушысы.
Туғанына (1877) 80 жыл толады. 1944 жылы қайтыс болған.

26 март — Людвиг Бетховен
— немістің ұлы композиторы.
Қайтыс болғанына (1827) 130 жыл толады. 1770 жылы туған.

31 март — Исаак Ньютон
— ағылшынның атақты ғалымы,
қайтыс болғанына (1727) 230 жыл толады.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының
Мемлекеттік жалаулары



ССР Одағының Мемлекеттік жалауы.




1



2




3



4




5



6



7




8




9



10



11




12



13



14



15



1. РСФСР-дың жалауы. 2. Украин ССР-ының жа-
лауы. 3. Белорусс ССР-ының жалауы. 4. Өзбек
ССР-ының жалауы. 5. Қазақ ССР-ының жалауы.
6. Грузин ССР-ының жалауы. 7. Азербайжан ССР-

9. Молдаван ССР-ының жалауы. 10. Латыш ССР-
ының жалауы. 11. Қырғыз ССР-ының жалауы.
12. Тәжік ССР-ының жалауы. 13. Армян ССР-ының
жалауы. 14. Түрікмен ССР-ының жалауы. 15. Эс-